



ЖАС ШЕКАРАШЫЛАР – ЕЛ ҚОРҒАНЫ

Астанадағы №16 мектеп қабырғасында ерекше тарихи сәт орын алды. Елдіктің айбынын асқақтатып, жас ұрпақтың жүрегіне отансүйгіштік рух пен ерлік дәстүрін ұялататын «Жас шекарашы» әскери-патриоттық клубының салтанатты ашылуы ұйымдастырылды. Бұл күнге жету үшін ауқымды дайындық жұмыстары жүргізілді. ҰҚК Шекара қызметі, «Застава тарландары» республикалық ардагерлердің қоғамдық бірлестігі мен мектеп арасындағы меморандум аясында жоспарлы іс-шаралар қабылданып, болашақ клубтың әрбір қадамы мұқият ойластырылды.



Жиын шымылдығы Мемлекеттік Тудың көтерілуімен және Әнұранның шырқалуымен ашылды. Сол сәтте мектеп ауласында ерекше рухты атмосфера орнап, жас шекарашылардың жүрегінде мақтаныш пен жауапкершілік сезімі ұялады.

Көп ұзамай ең әсерлі кезең – жас шекарашылардың ант беру рәсімі басталды. Олар Отанға адал болуға, шекараны күзетуге серт беріп, ардагерлер мен басшылықтың қолынан куәліктерін, төсбелгілерін және айрықша мәртебе – жасыл береттерін иеленді. Бұл рәсімде генерал-майорлар Т. Уажанов, Ш. Утяпов, Т. Бузубаев, Ф. Алдаев және «Застава тарландары» республикалық қоғамдық бірлестігінің төрағасы, генерал-майор Мұхтар Сабидолданов арнайы

қатысып, жас буынның тарихи сәтіне куә болды.

Анттан соң ерекше рәсім өтті – «Жас шекарашы» клубының Туы салтанатты түрде тапсырылды. Оны генерал-майор Т. Бузубаев ресми түрде клуб жетекшісіне табыстады. Бұл – ардагерлер жолы мен жас ұрпақ арасындағы рухани сабақтастықтың айқын белгісі болды.

Жиын барысында мектеп директоры Сауле Мыңшалқызы, сондай-ақ Шекара қызметі директорының орынбасары генерал-майор Төлеужан Жүнісов жүрекжарды тілегін білдіріп, жастарды адалдық пен батылдыққа үндеді. Сонымен қатар, құттықтау сөз сөйлеген генерал-майор Мұхтар Сабидолданов жастарға:

– Біз үшін ең үлкен мәртебе

– болашақ шекарашыларға өз тәжірибемізді аманаттау. Әрқайсыңыз Отан алдындағы борышты жүрегіңізбен сезіне аласыздар деп сенемін. Шекараны күзету – тек әскери міндет емес, ол – туған жерге деген адалдық пен махаббаттың ең жоғарғы көрінісі. Біз ашып отырған бұл клуб – Қазақстанның ертеңгі берік қалқанына айналар жас буынның алғашқы қадамы, – деп атап өтті.

Салтанат аясында «Шекара қалашығының» лентасын генерал-майор Ш. Утяпов пен мектеп директоры қиды. Сондай-ақ «Жас шекарашы» кабинеті ашылып, арнайы жасақталған оқу кеңістігі таныстырылды. Мұнда шекара тарихы мен дәстүрін дәріптейтін стендтер орнатылып, жас ұрпақтың патриоттық рухын тәрбиелеуге

арналған жаңа орта қалыптасты.

Шараның ең әсерлі сәттерінің бірі – клуб мүшелерінің «Жас шекарашы» әнін орындауы болды. Бұл ән арнайы осы мерекелік рәсім үшін жазылған. Сөзін – жазған ШҚ ӘПҚБ әскери қызметшісі ефрейтор Дархан Қамашев, ал музыканың авторы құрметті ардагер Замзагүл Көңжебаева. Жаңа ән мектептің жас шекарашыларына айрықша рух сыйлап, мерекенің сәнін көлтірді.

Іс-шара соңында естелік суретке түскен қонақтар мен қатысушылар «Жас шекарашы» клубының болашағына зор сенім білдірді. Бұл бастама – тәуелсіз Қазақстанның жас қорғаушыларын тәрбиелеудің жаңа белесі, ел үшін жанын аямайтын табанды ұрпақты қалыптастыру жолындағы жарқын қадам.

Осы игі істің басынан соңы-

на дейін қолдау білдірген «Застава тарландары» республикалық қоғамдық бірлестігінің төрағасы генерал-майор Мұхтар Сабидолдановқа және Шекара қызметінің басшылығына айрықша алғыс айтамын. Сондай-ақ салтанатқа арнайы келген қонақтар мен ардагерлердің қатысуы біздің бастамамызға берік сенім мен қуат берді.


Бұл клубтың ашылуы – менің офицерлік өмірімдегі ең үлкен арманымның орындалуы ғана емес, сонымен бірге болашаққа сеніммен қараудың жарқын белгісі болды.

ҚР Журналистер одағының мүшесі, подполковник Ж. КЕМЕЛ. Суреттерді түсірген қатардағы Д. ҚУАНЫШЕВ, «OS-ЧР».



«НҰР ЖОЛЫ» – ҚЫРАҒЫ ШЕКАРА ҚАҚПАСЫ

3



СПОРТТЫ ӨМІР САЛТЫНА АЙНАЛДЫРҒАН

5



ҚАЙСАР ЖӘНЕ ШАРУАҚОР

10

ҚЫЗМЕТТІ ШЕБЕР ҰЙЫМДАСТЫРҒАН

ҚР ҰҚК Шекара қызметінің Жамбыл облысы бойынша департаментіне қарасты Қордай ауданының тау бөктерінде орналасқан «Жасыл төбе» шекара бөлімшесі – ел тыныштығының тірегі, бейбіт өмірдің қорғаны. Әрбір таң атқан сәттен бастап, сарбаздардың қырағы көзі мен сергек қадамы шекара бойында сақтық пен сенімділіктің нышанына айналады. Тәуелсіздіктің шекарасын күзету – тек қана әскери міндет емес, бұл – ұлт алдындағы борыш, тарих алдындағы жауапкершілік.



Қордай өңірінің табиғаты сан қилы. Бірде биік қыраттарды қалың тұман басса, бірде көктемгі жауын жолды лайсаңға айналдырады, жазда аптап ыстық пен шаңды жел сарбаздың шыдамын сынайды, ал күзде сіркіреген жауын мен салқын самал табиғаттың тосын мінезін көрсетеді. Осындай ортада қызмет ету кез келген адамның төзімді рухы, ерік-жігерін

шыңдамай қоймайды. «Жасыл төбе» бөлімшесінің әскери қызметшілері осы қиындықтарды еңсеріп, күндіз-түні кезекшілігін жалғастырады. Олар үшін басты құндылық – ел шекарасының қауіпсіздігі мен халықтың тыныштығы.

Бөлімшенің күнделікті қызметі жүйелі түрде ұйымдастырылған. Шекара бойында орналасқан инженерлік құрылыс-

тардың беріктігі қатаң бақыланып, бейнебақылау жүйелері арқылы кез келген қозғалыс жіті назарға алынады. Шолғын жаяу да, көлікпен де, кейде атпен де жүргізіледі. Әрбір топқа жүктелген міндеттің жауапкершілігі ерекше. Шекарашы сарбаздың қырағылығы – мемлекет қауіпсіздігінің кепілі. Оған қоса кинологтар мен олардың сенімді серіктері – қызметтік иттер – заңсыз көші-қон мен контрабанда әрекеттерін анықтауда айрықша рөл атқарып жүр.

«Жасыл төбе» бөлімшесінде сарбаздар тек әскери қызметті атқарып қана қоймай, рухани-адамгершілік тұрғыдан да шыңдалады. Әскери антқа адал болу, серіктесіне сену, туған жердің қадірін білу – олардың жүрегіне бала кезден сіңірілген қасиеттер. Бұл жерде әскери тәртіп пен патриоттық рух қатар өріліп, жас сарбаздарды болашақ өмірге шыңдайды. Қордайдың қыратына қараған әрбір күзетші көзіне туған елінің бейнесін елестетіп, Отан алдындағы борышын ұғынады.

Бөлімше бастығы капитан Байжұма Нұрбол Нұржанұлы – өз қарамағындағы сарбаздар үшін үлгі тұтар тұлға. Ол қызмет барысында қатаң тәртіпті талап ете отырып, әрбір жас сарбаздың ерік-жігерін шыңдауға, бойына патриоттық сезімді дарытуға баса мән береді. Оның айтуынша, «Шекарашы үшін ең бастысы – ел сенімін ақтау. Әрбір күнгі атқарылған жұмыс – халықтың бейбіт өмірін сақтау жолындағы ерен еңбек». Капитан Байжұма ұжым арасында сенім мен ұйымшылдық орнатып, қызметтің сапасын арттыруға бар күшін жұмсауда.

«Жасыл төбе» шекара бөлімшесінің сарбаздары талай мәрте заңсыз әрекеттердің жолын кесті. Олар контрабандалық тауарларды әкелуге тырысқан топтарды анықтап, шекарадан заңсыз өтпек болғандарды дер кезінде тоқтатып отырды. Бұл жетістіктер – сарбаздардың қырағылығы мен кәсібилігінің айқын көрінісі. Сонымен бірге бөлімше ұжымы жергілікті халықпен тығыз қарым-қатынаста. Ауыл тұрғындары шекарашыларды бейбіт өмірдің кепілі, елдің қорғаны ретінде бағалайды. Уақыт алмасқанымен, ұрпақ ауысқанымен, шекара күзетінің қасиетті міндеті ешқашан өзгермейді. Қазақстан шекарасының әрбір қадамы – мыңдаған сарбаздың маңдай терімен, қырағылығымен және адалдығымен қорғалып келеді.

**Капитан А. ЖЕКСЕНБИН,
«OS-ЧР».**
Сурет бөлімше қорынан.

ГРАНИЦА ПОД НАДЕЖНОЙ ЗАЩИТОЙ

На севере страны, в бескрайних казахстанских степях, где ветер гуляет между пастбищами и полями, а звездное небо ночью освещает земли не хуже фонарей, есть место, где каждый день и каждая ночь – во имя спокойствия миллионов. Это – пограничное отделение «Қарақұдық», расположенное в селе Кіші-Қараой Акжарского района Северо-Казахстанской области.

Село небольшое, всего около ста домов, и чуть больше трехсот жителей. Люди здесь трудолюбивые, закаленные. Живут за счет земли и скота, как их отцы и деды. В этих краях особое отношение к родной земле бережное, уважительное, и к тем, кто охраняет ее.

Именно здесь с 2000 года функционирует пограничное отделение. Не просто воинское подразделение, а живой организм, вписанный в ритм и уклад сельской жизни. Здесь нет случайных людей – каждый военно-служаший, от рядового до офицера, пришел не просто служить, а защищать. Потому что за слагабаумом уже не просто поле, а граница. И каждая ошибка здесь может стоить безопасности целой страны.

Сейчас подразделение возглавляет капитан Тимур Маисжан – выпускник Пограничной академии КНБ 2019 года. Молодой, но опытный, ответственный и уважаемый офицер среди подчиненных. Свою карьеру он начал в отдаленном восточном отделении «Замив», где

условия были не легче, чем здесь – постоянная боевая готовность, суровая природа, плотная оперативная обстановка.

С момента назначения в «Қарақұдық» капитан Т. Маисжан сразу задал высокую планку: дисциплина, профессионализм, постоянное обучение. В подразделении активно внедряются современные методы охраны границы, технические средства наблюдения и контроля, усиливается взаимодействие с местным населением. Потому что в современном мире защита рубежей – это не только застава и дозор. Это – аналитика, скорость реакции, точность действий.

Нарушители здесь не дремлют, и пограничники не могут себе позволить расслабиться. За последние годы неоднократно задерживались граждане, нарушившие режим государственной границы – как по неосторожности, так и с намерением. Каждый случай был оперативно и грамотно решен: нарушители задержаны, ситуация локализова-



на, государственная безопасность не пострадала.

В этих операциях немалую роль играет взаимодействие с местными жителями. Люди здесь не равнодушны – если что-то подозрительное, сообщают, помогают, подсказывают. И это не случайно.

Пограничники стали частью местной жизни: участвуют в общих мероприятиях, проводят патриотические акции, приходят в школу, беседуют с молодежью.

К слову, в самом селе работает «Киевская средняя школа», где директором является Дамеш Исиа.

Внутри школы – детский сад, куда каждое утро приходят малыши. Возможно, кто-то из них спустя годы надеет зеленую фуражку и встанет на защиту рубежей, по примеру тех, кто сейчас несет службу в «Қарақұдық».

Акимат района располагается в соседнем селе Бостандық, но тесное взаимодействие с властями позволяет быстро реагировать на любые запросы и ситуации. Здесь все выстроено четко как в механизме, без лишних слов.

Но за формальной стороной службы скрываются человеческие истории. Те, которые редко попадают в официальные отчеты, но которые лучше всего говорят о настоящей сути этой работы. Это ночные патрули на десятки километров по бездорожью. Это тревожный звонок посреди ужина и срочный выезд. Это бессонные дежурства в степи в минус 30 градусов и под палящим солнцем летом. Это моменты, когда решение приходится принимать за секунды, потому что цена вопроса слишком велика.

Здесь служат не просто по контракту, а по зову сердца. И пока такие пограничные отделения стоят крепко, можно быть уверенным – граница под надежной защитой.

**Майор Д. УТЕБАЕВА,
«OS-ЧР». Фото
из подразделения границы.**

«НҰР ЖОЛЫ» – ҚЫРАҒЫ ШЕКАРА ҚАҚПАСЫ

Қазақстан мен Қытай шекарасында орналасқан ҚР ҰҚК Шекара қызметі Жетісу облысы бойынша департаменті «Қорғас» шекаралық бақылау басқармасы «Нұр жолы» (жүктің) шекаралық бақылау бөлімшесі еліміздің ең ірі заманауи шекаралық бақылау бөлімшелерінің бірі болып саналады.



Шекараның стратегиялық маңызы тарихтан бастау алады. 1881 жылғы Петербург келісімінен кейін Қорғас өңірінде шекара сызығы нақтыланып, елді мекен қалыптаса бастады. Кеңес дәуірінде ол шағын ауыл болғанымен, стратегиялық маңыздылығы ешқашан төмендеген жоқ. Тәуелсіздік жылдары көрші ел арасындағы сауда қатынастары қарқын алып, 2006 жылы екі ел үкіметі Қорғас шекара маңы ынтымақтастығы халықаралық орталығын құру жөнінде келісімге қол қойды. 2018 жылы ресми түрде «Нұр жолы» (жүктің) шекаралық бақылау бөлімшесі ашылып, ел экономикасы мен халықаралық қатынастардың жаңа деңгейге көтерілуіне жол ашты.

Бүгінде Қорғас – Қазақстан-Қытай шекарасындағы ірі сауда-экономикалық аймақ. Мұнда халықаралық сауда, кеден қызметі, логистика, туризм бағыттары дамып келеді. Жылына ондаған мың турист келіп, «шопинг-туризм» жандана түсуде. Әскери ұжым арқылы тәулігіне екі мыңнан аса көлік өтсе, болашақта бұл көрсеткіш бес мыңға жуықтауы мүмкін.

Қорғас жері тарихта батырларымен де танымал. XVII ғасырда дәл осы өңірде өткен Орбұлақ шайқасы ел жадында ерекше орын алған. Салқам Жәңгір хан, Қарасай, Ағынтай, Жалаңтөс баһадүр сынды ерлердің ерлігі – ұрпаққа үлгі. Сондай-ақ Панфилов ауданы қазақ әдебиеті мен өнеріне өз үлесін қосқан ақын-жазушыларымен де мақтанады: И.Үркімбайұлы, Ж.Қорғасбек, М.Савутжан, Т.Елеусізұлы сынды қаламгерлердің еңбегі елге белгілі.

«Нұр жолы» (жүктің) шекаралық бақылау бөлімшесін бүгінде майор Айбек Сақтапбергенов басқарады. Ол Қызылорда облысында дүниеге келіп, жастайынан спортпен айналысқан. Ел намысын халықаралық жарыстарда қорғаған. Шекара қызметіндегі еңбек жолын «Достық» бөлім-

шесінен бастап, түрлі жауапты лауазымдарда қызмет атқарып, тәжірибе жинаған. Оның орынбасары майор Мақсат Шулғаубаев – Түркістан облысының тумасы, еркін күрестен бірнеше дүркін жүлдегер, қызметін 2012 жылдан бастап атқарып келеді.

Шекарашылар тек мемлекеттік шекараны күзетіп қана қоймай, жергілікті халықпен де тығыз байланыста. Әлеуметтік жағдайы төмен отбасыларға материалдық көмек көрсетеді. Әр оқу жылы басталғанда мектеп оқушыларына киім-кешек пен оқу құралдарын сыйға тартып, спорттық шараларға белсенді қатысады. Сонымен қатар жастарды әскери борышқа, патриоттыққа тәрбиелеу мақсатында «Ерлік сабақтарын» өткізіп келеді.

Қоғамдық тәртіпті сақтау да – басты назарда. Шекарадан өту ережелері, тауарды әкелу-әкету нормалары, салық-баж талаптары, қауіпсіздік шаралары жөнінде түсіндіру жұмыстары жүргізіледі. Бұл істе жергілікті әкімдікпен бірлескен ақпараттық жұмыстардың маңызы зор.

Алайда шекара режимін бұзушылар да кездесіп жатады. ҚР Әкімшілік құқықбұзушылық кодексі бойынша жауапкершілікке тартылатындар бар.

«Нұр жолы» (жүктің) шекаралық бақылау бөлімшесі Қазақстанның шығыс қақпасы ғана емес, мемлекеттің экономикалық әлеуетін көтеретін, халықтар арасындағы достықты нығайтатын маңызды орталыққа айналды. Ал шекара сақшылары – ел шекарасының сенімді қорғаушылары, жергілікті халықпен етене араласқан абзал азаматтар!



ҚР Журналистер одағының мүшесі, подполковник
М. ҚАРЕКЕНОВ, «OS-ЧР».
Сурет шекаралық бөлімшеден.

«ШЫҢҒЫРЛАУ» – РУХЫ БИІК ШЕКАРАЛЫҚ БАҚЫЛАУ БӨЛІМШЕСІ

Шыңғырлау – табиғаты көркем, тарихы тереңде жатқан қасиетті өлке. Бұл өңір өзінің әсем табиғатымен ғана емес, әлемдегі ең кішкентай сарқырамасымен де ерекшеленеді. Батыс Қазақстан облысы, Шыңғырлау ауданының орталығы – Шыңғырлау ауылында ҚР ҰҚК Шекара қызметі БҚО департаментінің құрамына кіретін «Шыңғырлау» (теміржолдық) шекаралық бақылау бөлімшесі орналасқан. Бұл атаудың өзі тегін емес – ол туған жердің рухымен, тарихымен және ел шебіндегі маңызымен тікелей байланысты.

Сақ пен сармат заманынан бастау алған Шыңғырлау жерінің әрбір тасы – тарих, әрбір бұлағы – шежіре. Аудан аумағынан табылған 183 археологиялық ескерткіш осы өңірдің бай мәдени-тарихи мұрасының айғағы. Үлгілі, Лебедевқа, Сегізсай маңындағы көне обалар мен ғибадатханалар – Еуразия кеңістігінің бірегей деректері саналады. Бұл қазыналар біздің ата-бабамыздың өркениетті өмір сүргенін, мал шаруашылығы мен тұрмыс мәдениетін ерте дамытқанын дәлелдейді.

Археологиялық зерттеулердің нәтижесінде табылған қола дәуірінің құралдары, сақ дәуірінің ғұрыптық кешендері мен ғұн заманынан қалған ғибадатханалар – Шыңғырлаудың тарих сахнасындағы өзіндік орнын айшықтайды. Тарихшылардың айтуынша, бұл өлке – Ұлы Дала өркениетінің алтын бесігі.

Шыңғырлау халқы ежелден еңбекқорлығымен танылған. Көпшілігі ата кәсібі – мал шаруашылығын жалғастырып келеді.



Қазақтың қонақжай дәстүрі мұнда әлі күнге дейін берік сақталған: алыстан келген қонақ төрге шығарылып, дастарқан жайылады. Бұл қасиет – шекаралық ауылдың рухани болмысының айнасы.

Шекара шебінде өмір сүрген халық үшін Отан алдындағы адалдық – өмірлік ұстаным. Әрбір бала кішкентайынан туған жердің әр тасын, әр бұлағын қорғаудың, елдің тыныштығын сақтаудың қадірін біліп өседі. Ілек өзенінің сыңғыры мен ақ таулардың ажары – осы өлкеде өмір сүрген әр жанның жүрегінде туған елге деген мақтаныш сезімін оятады.

«Шыңғырлау» (теміржолдық) шекаралық бақылау бөлімшесі – тек әскери нысан ғана емес, елдіктің, рухтың символы. Бөлімшені басқарып отырған майор Жарқынбек Әлібек – тәжірибелі офицер, талапшыл басшы. Ол өз қызметін адалдықпен атқарып, жеке құрамды темірдей тәртіппен басқаруда. Әрбір әскери қызметшінің кәсіби дайындығына, рухани беріктігіне ерекше мән береді.

Мұндағы сарбаздар үшін Отан алдындағы адалдық – қырағылықтың көпірі, туған жерге деген сүйіспеншілік – ұрпақтан ұрпаққа жалғасатын аманат.

Шекарашылардың күнделікті еңбегі – қырағылық пен ерліктің айғағы. Бұл бөлімшенің сарбаздары бірнеше рет ірі заңбұзушылықтардың жолын кесті. Соңғы уақыттағы ең айқын мысал – темекі өнімдерінің ірі көлемін заңсыз әкелу әрекетінің жолын кесу, сондай-ақ мемлекеттік шекараны заңсыз кесіп өтпек болған тұлғаларды ұстау. Мұндай операциялар – олардың кәсіби шеберлігінің, адалдығы мен батылдығының айқын көрінісі.

Бөлімше ұжымы – ұйымшыл, достыққа берік, талантты әрі спортқа жақын. Олар қызметтік міндетін адал атқарып қана қоймай, түрлі мәдени және спорттық сайыстарда да биіктен көрініп жүр. Бұл – «Шыңғырлау» бөлімшесінің тек қызметте ғана емес, өмірдің барлық саласында үлгі бола білетінін дәлелдейді.

Шыңғырлау – тек табиғаты мен тарихымен емес, ел шебін күзетіп тұрған асқақ рухымен қымбат мекен. Бұл жердің шекаралық бөлімшесі – елдіктің шебі, рухтың шебі. «Шыңғырлау» атауы – өткеннің ізі, бүгіннің тынысы, болашаққа сенімнің көрінісі.



Аға лейтенант
А. КӨЛБАЙ, «OS-ЧР».
Сурет бөлімше мұрағатынан.

ОЗЫҚ ӘДІСТЕР ЕНГІЗІЛУДЕ

Қазақстан Республикасының ұлттық қауіпсіздігін қамтамасыз етудегі маңызды құрылымдардың бірі – ҚР ҰҚК Шекара қызметі. Шекара күзеті – ел тәуелсіздігі мен тұтастығын сақтаудағы басты міндеттердің бірі. Осы орайда, ҚР ҰҚК Шекара қызметі Абай облысы бойынша департаменті Семей шекара басқармасына қарасты «Борас» шекара бөлімшесі ерекше рөл атқарады.

«Борас» шекара бөлімшесі 2001 жылы мамыр айында Абай облысы, Бесқарағай ауданы, Бесқарағай ауылында құрылды. Бастапқыда ҚР ҰҚК Шекара қызметінің «Солтүстік» Өңірлік басқармасының 2034 әскери бөлімінің құрамында болған.

Жер бедері негізінен орманды және орташа ойлы-қырлы аймақтан тұрады. Бұл – шекара күзетінде қосымша қиындықтар туғызатын факторлардың бірі, сондықтан мұнда қызмет атқаратын шекарашылардың дайындығы ерекше маңызға ие.

Бөлімшенің инженерлік тұрғыдан жарақтандырылуы жоғары деңгейде: бақылау із-жолағы, темір-сым қоршаулар, арнайы бекеттер, жылыту пункттері, жасырын бақылау орындары мен темір бақылау мұнаралары орнатылған. Мұның бәрі мемлекеттік шекараны заңсыз кесіп өтудің алдын алу үшін маңызды. Бөлімшенің жауапкершілік аймағында Бозтап, Бұқабай, Канонерка және Жыланды елді мекендері орналасқан. Жергілікті тұрғындар негізінен орман шаруашылығымен айналысады.

Шекара қызметкерлері күн сайын шекаралық тәртіпті сақтаумен қатар, заң бұзушылықтардың алдын алу бағытында да белсенді жұмыс атқарады. Соңғы есептік деректерге сәйкес:

- 27 мемлекеттік шекара бұзушы ұсталған;
- 15 контрабандалық тауарды тәркілеу оқиғасы тіркелген;
- 138 мемлекеттік шекара режимін бұзушы ұсталған;
- 179 шекаралық режим бұзу

фактісі анықталған.

Қызмет атқару үшін барлық жағдай жасалған. Әскери қалашық заманауи талаптарға сай жабдықталған. Шекарашыларға арналған жылыну пункттері, электр құрылғылары, байланыс құралдары толықтай қамтамасыз етілген. Сондай-ақ, бөлімше автокөліктермен қамтылған. Жақында ғана жаңа «JAC – T6» маркалы көліктер қызметке қосылып, патрульдеу сапасын арттырды.

Әскери қызметшілердің әлеуметтік жағдайына ерекше көңіл бөлінеді. Әр отбасы мүшесіне мемлекеттен тұрақты түрде ақшалай көмек бөлініп, әскери қызметшілер ай сайын отбасылық жиындар мен мәдени-спорттық шараларға қатысады.

Қазіргі уақытта «Борас» шекара бөлімшесін аға лейтенант Ілс Дастан Қуанышұлы басқарады. Әскери манабын 2021 жылы Мақаншы ауданы бойынша шекара басқармасының «Қарабас» шекара бөлімшесінен бастаған.

2021-2023 жылдары аралығында «Қарабас» шекара бөлімшесі бастығының орынбасары, 2023-2024 «Қарабұта» шекара бөлімшесінің бастығы лауазымын атқарған. 2025 жылдың маусым айынан бастап Борас шекара бөлімшесі бастығының лауазымын абыроймен атқарып келеді.

Мемлекеттік шекара күзеті бойынша үздік нәтижелер көрсетіп келеді.

Шекара қызметінің маңызды құрамдас бөлігі – қызметтік итер. «Борас» шекара бөлімшесінде



«Абони», «Раис», «Фонтан» есімді қызметтік итер бар.

Олар тексеру, іздестіру және шекара бұзушыларды ұстау қызметтерінде маңызды рөл атқарады.

Қызметтік итер арнайы дайындықтан өтіп, шекара күзетінде сенімді көмекші ретінде қызмет етуде.

Қазіргі таңда «Борас» шекара бөлімшесінің материалдық-техникалық базасы үнемі жаңартылып отырады. Бөлімше қызметкерлерін жаңа байланыс құралдарымен, көліктермен және арнайы құрал-жаб-

дықтармен қамтамасыз ету бойынша жұмыстар тұрақты жүргізіледі.

Сонымен қатар, бөлімше қызметкерлерінің біліктілігін арттыру үшін шетелдік тәжірибелер зерттеліп, озық әдістер енгізілуде. Әскери дайындық деңгейін көтеру мақсатында жыл сайын түрлі халықаралық және республикалық оқу-жаттығу жиындары өткізіледі.

Бөлімше тек шекараны қорғап қана қоймай, жастарды әскери қызметке тарту жұмыстарын да белсенді жүргізеді. Жас ұрпаққа шекарашылық мамандықтың маңыздылығы түсіндіріліп, әскери-патриоттық шаралар ұйымдастырылады.

«Борас» шекара бөлімшесі – ел шебінің қауіпсіздігін қамтамасыз етуде тиімді ұйымдастырылған құрылым. Бөлімшенің техникалық жабдықталуы мен шекарашылардың кәсіби даярлығы заңсыз көші-қон, контрабандалық әрекеттер және шекаралық режим бұзушылықтарының алдын алуға мүмкіндік береді. Заманауи бақылау жүйелері мен патрульдік техникалар шекараны тәулік бойы тиімді қадағалауға жағдай жасап, кез келген заңсыз әрекетті жедел анықтауға көмектеседі. Сонымен қатар, бөлім-

ше әскери қызметшілердің дене дайындығын арттыру мақсатында үнемі оқу-жаттығу жұмыстарын жүргізіп, жауынгерлік даярлық деңгейін жоғары ұстайды.

Бөлімше қызметінің тағы бір маңызды бағыты – жергілікті халықпен тығыз байланыс орнату. Шекарашылар тұрғындармен үнемі байланыста болып, шекара тәртібі туралы ақпараттық-түсіндіру жұмыстарын жүргізеді. Бұл өз кезегінде, жергілікті халықтың құқықтық сауаттылығын арттырып, шекаралық аймақта тәртіптің нығаюына ықпал етеді. Сонымен қатар, бөлімше қызметкерлері табиғатты қорғау және экологиялық қауіпсіздікті қамтамасыз ету шараларына да белсенді қатысады. Мұның барлығы «Борас» шекара бөлімшесінің тек шекара күзетуі ғана емес, жалпы аймақтың тұрақтылығын сақтауға қосып отырган маңызды үлесін көрсетеді.

«Борас» шекара бөлімшесі – мемлекеттік шекараны қорғауда ерекше маңызға ие стратегиялық нысан. Бұл бөлімшенің әрбір әскери қызметшісі өз елінің қауіпсіздігі мен тұтастығы жолында аянбай еңбек етуде.

Бөлімшенің жеткен жетістіктері мен жоғары көрсеткіштері – шекарашылардың кәсіби шеберлігінің және табанды еңбегінің нәтижесі. Алдағы уақытта «Борас» шекара бөлімшесі өз қызметін одан әрі дамытып, ел қауіпсіздігін қамтамасыз етуде жаңа белестерді бағындыратыны сөзсіз.



**Аға лейтенант
Е. ҚАЙРТАЙ,
«OS-ЧР».
Сурет
бөлімшеден.**

ШЕКАРА ТЫНЫШТЫҒЫНЫҢ АЙБЫНДЫ ҚОРҒАНЫ

Жамбыл жерінің тау сілемдері мен жазық даласы түйіскен тұсында, ежелгі тарих пен бүгінгі заманның тоғысқан шағында орналасқан бір бөлімше бар. Ол – Мемлекеттік шекараны күзететін «Өтеген батыр» шекара бөлімшесі. Бұл бөлімше ҚР ҰҚК Шекара қызметінің Жамбыл облысы бойынша департаментіне қарасты Қордай ауданы бойынша шекара басқармасының қарамағындағы шекара бөлімшесі. Атауы бекер берілмеген: халқымыздың бостандығы үшін ат үстінде ғұмыр кешкен, жоңғар шапқыншылығына қарсы күрескен даңқты қолбасшы Өтеген батыр Сықымұлының есімі бүгінгі сарбаздарға ұраң, ал ерліктің символына айналған.

Шекара – мемлекет тәуелсіздігінің айнасы, ел тыныштығының кепілі. «Өтеген батыр» бөлімшесінің қарамағындағы аумақ табиғаты күрделі: адырлы төбелер, жазық далалар, кей тұстарда шағын өзен арналары кездеседі. Осындай алуан түрлі жер бедері сарбаздардан қырағылық пен төзімділікті талап етеді. Күннің аптап ыстығында да, қыстың қақаған аязында да, жауын-шашын мен дауылды түндерде де шекарашы үшін жалғыз міндет бар – Отан шебін күзету.

Күзет қызметі тәулік бойы тоқтаған емес. Бір сарбаз кезекшілікте болса, екіншісі бақылау мұнарасында, үшіншісі инженерлік-қорғаныс жүйелерін тексеріп жүреді. Қазіргі таңда бөлімше заманауи құралдармен жабдықталған: бейнебақылау камералары, дабыл кешендер, түнде көру құрылғылары бар. Мұның барлығы шекара аумағын толық қадағалауға мүмкіндік береді. Ал кинологиялық топтар – шекарашының сенімді серігі. Арнайы үйретілген итердің қырағылығы талай заңсыз әрекеттердің алдын алған.

Шекара бөлімшесінің бастығы – аға лейтенант Дулатбеков Раймбек. Жас та болса тәжірибелі офицер өзінің бойындағы жігері мен кәсіби білімін сарбаз тәрбиесіне арнап келеді. Оның басқаруымен бөлімшеде қатаң тәртіп пен әскери мәдениет үйлесім тапқан. Командир сарбаздарымен әрқашан ашық қарым-қатынаста болып, жас жауынгерлерге тәлімгерлік көрсетіп, шекара қызметінің қыр-сырын үйретеді. Әрбір жас сарбаз үшін аға лейтенанттың сөзі мен үлгісі – әскери өмірдің басты бағдарына айналған.

«Өтеген батыр» бөлімшесінде қызмет атқаратын әрбір сарбаз үшін бұл – мектеп қана емес, өмірлік сабақ. Әскерилердің бір күні таңғы саппен басталып, кешкі патрульмен аяқталады. Олар тек күзет қызметін ғана емес, жауынгерлік дайындық, дене шынықтыру жаттығуларын, атыс даярлығын қатар меңгереді. Әскери бөлімнің ішкі өмірінде спорттық жарыстар, әскери-мәдени іс-шаралар, тарихи-танымдық кездесулер жиі өткізіліп тұрады. Бұл сарбаздардың рухын



көтеріп, тәртіп пен бірлікті нығайтады.

«Өтеген батыр» шекара бөлімшесі – елдің қауіпсіздігін қамтамасыз етіп қана қоймай, жас ұрпаққа патриоттық тәрбие беретін айрықша орта. Мұнда қызмет еткен әрбір сарбаз елге оралғанда өмірлік тәжірибе жинап, Отанға деген адалдықты бойына сіңірген азамат болып шығады.

Мемлекеттік шекара – халықтың сенімі мен мемлекеттіліктің тірегі. Осы сенімді ақтап, күндіз-түні күзетте тұрған

«Өтеген батыр» шекара бөлімшесінің сарбаздары – ел тыныштығының айбынды қорғаны.



**Капитан
А. ЖЕКСЕНБИН,
«OS-ЧР».
Сурет
бөлімшеден.**

«ҰЛДЫҢ ҰЯТЫ – ӘКЕДЕ, ҚЫЗДЫҢ ҰЯТЫ – ШЕШЕДЕ»

Отбасы – мемлекеттің шағын ұясы, адамның жанына шуақ, бойына қуат сыйлайтын, рухани-адамгершілік қасиеттерді бойына сіңіріп, қоғамның бір бөлшегі ретінде өз еліне, жеріне қызмет ету керектігін түсіндіретін тәлім мен тәрбиенің ұстаханасы. Себебі, ана тіліне, ата-бабаның ұстанған дініне, салт-дәстүріне, жалпы адами құндылықтардың бала бойына дұрыс даруына тікелей әсер ететін дүниелерді алғаш болып қалыптастыратын - оттың басы, ошақтың қасы екені бесенеден белгілі.



Сәби алғаш таным-түсінігі қалыптаса бастағаннан-ақ жақыны мен бөтенің, айналасындағыларды ажыратып, жақын жандардың мейірім-шапағаты арқылы өзіне ыстық, етбауыр адамдарды танып, соларды іздейді, оларға деген өзінің сүйіспеншілік сезімін дамытады. Өсе келе ата-ананың, біртуған бауыр-қарындастың, ата-әженің қадір-қасиетін түсініп, оларды сыйлау, құрметтеу түсінігі қалыптасады. Осылайша, достарын, қатарластарын, замандастарын, қоршаған ортаны, өзі өскен туған жердің топырағы мен зеңгір аспанын, асқар таулары мен айдын көлдерін сүюді үйренеді. Демек, адамның сана түпкіріндегі «Отан», «туған жер», «туған ел», «атамекен» сияқты қоғамдық түйсік пен оларға деген сүйіспеншілігі ең алдымен өз отбасын, айнала жақынын жақсы көруден, соларға құрмет көрсетуден бастау алады. Міне сондықтан, отбасы адамның өмірге деген талпынысының, атамекеніне деген аяулы сезімдерінің қалыптасуы жолындағы алғашқы баспалдағы.

Осы ретте, «Ұлдың ұяты әкеде, қыздың ұяты шешеді» дейтін қазақ мәтелінің мағынасын түсінгендей боласыз. Ата-ананың балапанын баулыған қыран құстай әрбір баланы тек жақ-

сылыққа, еңбекке, адамгершілікке тәрбиелеуі жалпы қоғамды алға тартудағы, жарқын болашақ қалыптастырудағы алып күш екендігін аңғарасыз. Отбасындағы ата-ананың баласы мектеп табалдырығын аттап, білім бұлағына бас қойғаннан бастап оның жоғары білім алуына, еліне қызмет етуіне, өз шаңырағын көтеріп, отау құруына дейінгі өмір соқпағында атқарар рөлі ерекше. Оның сыртында, ата-әженің немере-шөбереге деген мейірімі, бата-тілегі, ағаның ініге деген қамқорлығы, інінің ағаға деген ізеті, әпке-қарындастың бауырмалдығы, ағайын-туысқа деген ізеті, тіпті, қазақ танымындағы көрші-қолаңға деген сыйластық та адамды айналасын, Отанын сүюге баулитын қасиеттер.

Отанды сүю, туған елін, халқын, айналасын, ата-анасын, отбасын мақтанш тұту, оларды құрметтеу, жақсы көру, білімді, саналы, парасатты азамат болып қалыптасу, еліне адал қызмет ету, Отан алдындағы борышын адал атқару сияқты абыройлы міндеттер де отбасының тәрбиесінен бастау алып отырады.

- Мен оның түнін сүйем, күнін сүйем, Ағынды өзен, асқар тау, гүлін сүйем. Мен оның қасиетті тілін сүйем,

Мен оның құдіретті үнін сүйем! – деп, жырлаған ақын Мұқағали Мақатаевтың «Отан» өлеңі әрбір жанның жүрек қылын шертіп, өз еліне, жеріне деген махаббатын қалыптастырып, сүйіспеншілігін арттыратыны сөзсіз.

Қазіргі заманауи өзекті мәселенің бірі де осы дәстүрлі отбасы институтының шатқаяқтауында жатыр. Яғни, жас отбасылар арасында ажырасудың көбеюі, ұлдың әкесіз, қыздың шешесіз өсуі, немеренің ата-әже тәрбиесін көрмеуі, әлеуметтік желілердегі қатігез таспалардың, теріс ағымдағы насихаттардың көптеп таралуы толыққанды отбасы шаңырағының шайқалуына әкелетін, ұрпақ тәрбиесіне кері әсер ететін басты себептер. Соның салдарынан дәстүрлі жанұялық құндылықтар жойылып, қоғамдық көзқарастар өзгеріп, айнала ортасына, Отан алдындағы борышына, ел алдындағы міндет-парызына деген салқындық та белең алуда.

Сол себепті, мемлекеттік тұрғыда қоғам санасына дәстүрлі отбасылық құндылықтарды ұлықтауға, ата-ананы құрметтеуге, елін-жерін сүюге, үлкенді

құрметтеуге бағытталған идеологиялық насихатты тоқтаусыз жүргізу аталған мәселелерді шешудің негізі болмақ. Халқымыздың адамгершілік, имандылық, еңбексүйгіштік тарапындағы ұлттық тәрбиесін, салт-дәстүрін жаңғырту жастардың бойында отансүйгіштік қасиетті қалыптастырудың бірден бір сара жолы. Даңқты батыр Бауыржан Момышұлының «Отан үшін отқа түс, күймейсің!» деген қанатты сөзі кез келген жанның бойына рух беріп, адал қызмет атқаруға шақырады. Тіпті, қазақ хандығы құрылған бергі тарихта қасиетті мекенімізді, шекара шебін қорғауда аянбай ұрыс жүргізген батырлар өрлігі, одан бергі жыраулар поэзиясы, ақын-жазушылардың өлең-жырлары да ұлттық рухты оятатын, Отанға деген сүйіспеншілікті арттыратын басты қару екендігін ескеруіміз керек.

Отбасы – адамның адамдық өлшемі,

Отбасың арқылы құрметтер ел сені.

Отаным басталар әр ошақ басынан,

Отбасы – Отанның айнымас бөлшегі! – деген ақын Саят Өр-Алтайдың жолдары отбасы, ошақ қасының, ата-ананың, айнала жақының мен атамекеніңнің барлық қадір-қасиетін айқындап тұрғандай.

Ендеше, отбасы – Отанға деген адалдықты, айналасы құрметтеуді бойымызға сіңіретін қасиетті мекен, сыйластық пен татулықтың алтын ұясы екендігін ұмытпағанымыз абзал.



Майор Г. САДЫКОВА, «ОС-ЧР»
Суретті түсірген автор.

ҮЗДІК

СПОРТТЫ ӨМІР САЛТЫНА АЙНАЛДЫРҒАН



Қоғамның іргетасы – отбасы болса, оның берік болуына дені сау, ұйымшыл әрі рухы мықты азаматтардың қосар үлесі зор. Ал спорт – осы қасиеттердің бәрін бойға дарытатын өмір салты. Бүгінде салауатты өмір салтын тек жеке басының емес, тұтас отбасының құндылығына айналдырған жандар аз емес. Солардың жарқын өкілі – ШҚО департаментіне қарасты ұтқыр іс-қимылдар бөлімшесінің барлаушысы кіші сержант Алдербаев Қайырхан мен жұбайы Алдербаева Светлана.

Кіші сержант Алдербаев Қайырхан – ҚР ҰҚК Шекара қызметінің сапындағы тәжірибелі келісімшарт бойынша әскери қызметші ғана емес, сонымен қатар өз ісімен өзгеге үлгі болып жүрген азамат. Ол спортпен үздіксіз шұғылданып, көптеген сайыстарда жоғары нәтижелер көрсетіп келеді. Көпсайыс бойынша спорт шебері атанған ол 2024 жылы Шекара қызметі әскери қызметшілері арасындағы «Үздік мерген шекарашы» атанып 2-орынды иеленді. Сондай-ақ, сол жылы биатлон турнирінде де 2-орынға ие болды. 2025 жылы Президенттік көпсайыс бойынша Шығыс Қазақстан облысы көлемінде тағы да 2-орынға қол жеткізді. Бұған қоса, «Көк-Терек» шаңғы марафонында 50 шақырымды бағындырғаны үшін арнайы марапатқа ие болған.

Қызметтегі жетістіктеріне қоса, кіші сержант Алдербаев Қайырхан республикалық деңгейде де танылып үлгерді. Ол «Жаңа Қазақстанның жүз жаңа есімі» атты байқауда жеңімпаз атанып, елге еңбегімен танылған тұлғалар қатарынан көрінді. Қазақстан Республикасы полиатлон чемпионатында да 2-орын алған спортшы, Катонқарағайда өткен «Алтын Берел» жарысында 1-орын иеленді. 2025 жылы 30 тамызда Қазақстан Республикасы Конституциясының 30 жылдығына орай Күршім ауданында ұйымдастырылған марафонда тағы да 2-орынға тұрақтады.

Кіші сержант Алдербаев Қайырхан спорттағы табандылығы мен қажырлы еңбегі тек өзінің ғана емес, отбасылық жетістіктің де негізіне айналған. Жұбайы – Алдербаева Светлана да бірнеше спорттық жарыстарда топ жарып жүр. Ол 2022 жылы Күршім ауданаралық халық ойындарында

1-орын иеленсе, 2023 жылы дәл осы жарыста 3-орын алған. 2024 жылы Катонқарағайда өткен «Алтын Берел» марафонында 10 шақырым қашықтықты бірінші болып бағындырды. Ал 2025 жылы Конституция мерекесіне орай өткен марафонда 2-орынға ие болып, отбасының спорттағы дәстүрін жалғастырды.

Бұл отбасының жетістіктері тәртіп, табандылық және ортақ құндылықтарға негізделген өмір салтының айқын көрінісі. Спорт олар үшін тек дене тәрбиесі ғана емес, рухтың мықтылығы мен өзара қолдаудың нышаны. Кіші сержант Алдербаевтар отбасының спорттағы ерліктері мен жетістіктері жас сарбаздарға мотивация болып, әскери ұжым ішінде патриоттық рух пен ынтымақты күшейтуге өз септігін тигізуде.

Бүгінгі таңда мұндай спорттық отбасылар – қоғамға үлкен үлгі. Олар арқылы жас ұрпақ салауатты өмір салтын таңдаудың маңызын терең түсініп, спорттың тек денсаулық емес, тұлғалық даму мен ұлттық рухтың негізі екенін ұғына түседі. Алдербаевтар отбасы – осындай биік рух пен ортақ мақсатқа негізделген жарасымды тірліктің жарқын мысалы.



Подполковник Г. БАКЕТОВ, «ОС-ЧР».
Сурет шекара басқармасынан.

МЕРЕЙІМІЗДІ АСЫРҒАН...

Кинологтар арасындағы сайыс мықтыларды анықтаумен бірге осы салаға жаңадан келген әскери қызметшілердің тәжірибе жинауына мүмкіндік берді. Десек те, ҰҚК Шекара қызметінің барлық департаменттері және Орталық аппаратқа бағынышты бөлімшелерінен келген командалар аянып қалған жоқ. Шеберліктерін сынға салды. Өзі де, иті де мықты екенін дәлелдеген кинологтармен бірге дайындықтары кемшін түскен топтар да болмай қалған жоқ... Біз бүгін осы туралы қалам тербейтін боламыз.



анықтауға арналған жарыста 1-ші орын – Алматы облысы бойынша департаментінің «сен тұр, мен атайын» дейтін мықтыларының қанжығасына байланып, мерейімізді асырғандарын мақтаныш еттік...

Міне, Шарын шатқалынан шығармашылық шабыт алып барып кіріскен командалар «кімнің мықты» екенін көрсетті. Соңы патриоттық концерттік бағдарламаға ұласқан концерттен кейін еліміздің

түкпір-түкпірінен жиналған кинологтарды сәт-сапар тілеп, жолға шығарып салдық.



ҚР Журналистер одағының мүшесі әскери журналист Т. ДӘУЛЕТБАЕВА, «OS-ЧР». Суретті түсірген автор.

Әрине, «Театр – киімлігіштен, тәлім табалдырықтан басталады» демекші, кейбір команда жетекшілері дайындықтарының сыр бергенін көтере алмай, эмоцияларын іркүді «жөн» санаған жоқ. Керісінше, Райымбек ауданы бойынша шекара басқармасының базасында өтіп жатқан жарыстан үйренерлері көп еді...

Хош, сонымен, «Ең үздік іздеу тобы» және «Ең үздік қызмет итінің мамандарын» сарапқа салатын сайыс еліміздің түкпір-түкпірінен жиналған командалардың алдымен әлемде екеу ғана саналатын каньон – Шарынға барудан басталды. Бұл – жарысқа қатысушыларға департамент тарапынан көрсетілген құрмет болатын. Әрі қарай, ашылу рәсіміне кезек беріліп, төрешілер мен командалар таныстырылған соң сайыстың өзі де басталып кете барған.

Сонымен, мықтыларды анықтайтын аламан бәйгеге ҚР ҰҚК ШҚ Шекараны қорғау департаментінің аға консультанты подполковник Дәурен Исмаилов жетекшілік етті. Ал ҰҚК Шекара академиясының, Ұлттық ұлан және ҚР ҰҚК ШҚ Қызметтік кинология басқармасының тәжірибелі офицерлері төрелік жасады.

Төрт күнге созылған жарыс кезінде 15 команда шекара бұзушыны іздеу, жергілікті орынды тінту, жалпы баптау курсы, кедергілер жолағынан өту, ату, үш шақырымға жүгіру, топтың ішінен шекара бұзушыны табу бойынша сайысқа түсті. Сонымен қа-

тар, қызмет итінің мамандары да өздерінің шеберліктерін көрсету үшін аянып қалған жоқ. Бәрінен бұрын, олар сөмке мен қораптарға мұқият тығылған есірткі заттары мен жарылғыштарды табудан шеберліктің ең биік шыңына шығуға тырысқан...

Алматы облысы бойынша департаментінің намысын қорғаған кинологтардың бірі мен оның төрт аяқты досы көрсеткен өнер – сайысты тамашалап тұрғандарды тәнті етіп еді...

Қалай айтсақ екен, әскери қызметші берген команданы бұлжытпай орындаған қызмет иті есірткіні іздеуден де жаңылысқан жоқ. Өзге «әріптестері» секілді қарғыбаудан құтылысымен, еркінсіп сала берген де жоқ. Осының барлығы кинологтың өз міндетіне мығым, шеберлігі сөз жоқ мықты екенін көрсетіп тұр еді.

...Осылайша, шекара басқармасының аумағында өткен түрлі сынақтан мүдірмей өткен командаларды департамент бастығы полковник Әлібек Каюпов Ұйғыр ауданының орталық алаңында марапаттады. Сонымен, Шекара қызметі аясындағы біріншілікте «Ең үздік іздеу тобы» номинациясы бойынша: 1-ші орынды Жетісу облысы бойынша департаменті, 2-ші орынды Жамбыл облысы бойынша департаменті, ал жүлделі 3-ші орынды – Батыс Қазақстан облысы бойынша департаментінің командасы иеленді.

Ал «Ең үздік қызмет итінің маманын»

ЖИЫН

ШЫҢДАЛҒАН ТӘЖІРИБЕ

Қазақстан Республикасының Ұлттық қауіпсіздік комитеті Шекара қызметінің Түркістан облысы бойынша департаментінде 2025 жылдың 1–30 тамызы аралығында ауқымды әскери жиын өткізілді. Бұл іс-шара Қазақстан Республикасының «Әскери қызмет және әскери қызметшілердің мәртебесі туралы» Заңына және ҰҚК Төрағасының арнайы бұйрығына сәйкес ұйымдастырылды.




Жиынның негізгі мақсаты – әскери міндеттілердің кәсіби шеберлігін жетілдіру, мемлекеттік шекараны күзету мен қорғаудағы білімін тереңдету, моральдық-психологиялық

дайындықтарын арттыру. Сондай-ақ, қатысушылардың жауынгерлік тәжірибесін шыңдау және әскери-тактикалық машықтарын жетілдіру болды. Әскерилендірілген жиын

барысында сарбаздар жалпы әскери дайындықтан бөлек, арнайы әскери-есептік мамандықтар бойынша қайта даярлықтан өтті. Олардың қатарында радиотелефонист, барлау-

шы, атқыш, санитарлық нұсқаушы және тағы басқа бағыттар болды. Бағдарлама шеңберінде әскери міндеттілер: мемлекеттік шекараны қорғау мен күзету ережелерінің такти-



Майор Р. АСАДИЛОВ, «OS-ЧР». Сурет шекара басқармасынан.

калық дайындықты, атыс даярлығын, жекпе-жек және әскери-қолданбалы дайындықты, инженерлік-техникалық машықтарды меңгерді. Сонымен қатар, арнайы сабақтарда заманауи қару-жарақпен жұмыс, радиациялық және химиялық қорғаныс, әскери байланыс жүйесін қолдану, алғашқы медициналық көмек көрсету тәжірибелері үйретілді.

Жиынға Мақтаарал, Сарыағаш және Төлеби аудандарынан әскери міндеттілер қатысты. Әскери міндеттілердің оқу процесін басқару үшін тәжірибелі офицерлер тағайындалып, тұрмыс-тіршілігі мен оқу-жаттығу барысын қамтамасыз ету мақсатында тыл қару-жарақ, медициналық және идеологиялық бөлімдер өз үлестерін қосты. Далалық жағдайда оқу жүктемесі қарастырылып және бақылау-жаттығулар өткізілді. Мұның барлығы әскери міндеттілерді кез келген жағдайда кәсіби әрі сенімді әрекет етуге үйретуге бағытталды.

Әскерилендірілген жиын – жас сарбаздардың ғана емес, әскери міндетті азаматтардың да тәжірибесін жетілдіреді. Бұл шараның нәтижесінде елдің шеп қорғаны күшейіп, әскери міндетті азаматтардың кәсіби дайындығы жаңа деңгейге көтерілді.

АҚЫННАН ШАБЫТ АЛҒАН ШЕКАРАШЫ

Ал осы жолы... Білесіз бе, біз осы ауылда туып-өскен шекарашымен аяқ астынан сұқбаттас болғанымыз бар. Еріксіз. Өйткені, ол Мұқағалидың өлеңдерін жатқа оқитындардың бірі болып шыққаны бар емес пе? Бұл бұл ма, өзінің де қасиетті қаламға жақындығы бар көрінеді. Өлең жазады.

Ол – ҰҚК Шекара қызметі Алматы облысы бойынша департаментінің Райымбек ауданы бойынша шекара басқармасына қарасты «Қостөбе» шекара бөлімшесінің 3-ші мобильді топ барлаушысы кіші сержант Дарын Ерқанатұлы.

...Алдымен Дарын біздің бейнекемраның алдында Мұқағали Мақатаевтың «Міне, мен Отанымның шетіндемін» атты поэмасын оқыған. Жатқа. Мүдірмей. Бейне бір сахна төрінде тұрғандай, тамағын бір кенеп алып, күмбірлетіп оқи жөнелді. Өзіңіз көз алдыңызға елестетіп көріңізші. Мынау шекара бөлімшесі. Саптық алаң. Бөлімшенің желкесінде шекара аймағының халқына әбден «көзтанис» болып кеткен шекаралық бақылау мұнарасы. Осының барлығы шекарашының бойына күш бере түскендей. Шекарашы шекараның ерекшелігін, Отанның шетінде жүру – кез келген адамға бұйыра бермейтін бақ екенін, Мұқағали арқылы жеткізгісі келеді. «Беу-беулетіп», бебеулеп барып басылды. Арқалы ақынның поэмасын оқыған Бердібек ағамыздың жерлесін тыңдап тұрған сенде бей-жай қалмайсың. Осы кезде менің ойыма Мұхаң туралы жазылған тамаша

Біз қазақ-қытай шекарасының түбіндегі осы бір ауыл туралы аз қалам тербеген жоқпыз. Балалық шағымыз атақты жазушы – балалар әдебиетінің атасы Бердібек Соқпақбаевтың «Менің атым Қожа», «Өлгендер қайтып келмейді», «Он алты жасар чемпионындағы» кейіпкерімен бірге өткен соң да болар, қаламгер дүниеге келген Қостөбе – шекара аймағындағы өзге елдімекендердің ішінен дараланып тұрар еді...

дүниедегі мына жолдар сап ете түскен: «...Қайтадан үмітсіз шайтан күйге түсіріп, алдарқанып, әрі алдарқатып, әлденеге емексітіп, әлденеден дәмелендіреді. Әліге дейін өлмей, өшпей, өтпей келе жатқан ескі құса бір сәт дүркірей көтеріліп, жүректі дүрсілдетіп, қайтадан сабыр тауып, тыншыды. Көкірегіңдегі небір дүдәмал сезім қайта оянып, қайта мазалай бастады. «Өлең деген осындай болу керек қой, шіркін! Не айтып, не ойлағаныңды өзің де білмейсің?! Үн-түнсіз иығыңа қонып, қанатын бір-ақ қағып ұшып кеткен ала қанат көбелектің соңынан қарағандай, қарадай үздігісің!» – деген ойлар келді...»

Ақынның не айтқысы келгенін құр жатқа айтумен шектелмеген жыршының өнеріне тәнті болған біз енді Дарынмен жақын танысу үшін өзін сөзге тартуды шештік.

Сөйтсек, ол Мұқағалидың өлеңдерін он жасынан бері оқиды екен. Ең бірінші оқығаны ақынның «Шеше, сен бақыттысың» деген өлеңі. «Осы өлең мені алдымен мектептің кішкентай сахнасына шығарды, содан кейін



өңірдегі жыршылардың қатарына қосты. Мұқағали ағамыздың кіндік қаны тамған Қарасазына жетелеп апарды. Ал мұнда ақынның тым болмаса бір өлеңін жатқа білмейтін баланы көрмейсіз. Үлкені де, кішісі де сайрап тұр. Қазақ ардақтаған ақынды өздерінің

«бойтұмарына» балаған ауылды сонда алғаш көріп едім. Содан бастап, мен де ақынның өлеңдеріне құлай ғашық болдым...»

Осылай деп ағынан жарылған Дарынның өзі шекарашылардың сапын өткен жылы ғана толықтырса керек. Мұның да өзіндік себебі бар. Бұл туралы Дарын былай деп толықтыра түседі:

– Мен өзімнің азаматтық борышымды туған жерімнің шетінде емес, Ұлттық ұланның сапында өтедім. Оңтүстіктегі Шымкент қаласында. Бір жылдан кейін әскерден босап, ауылға оралған мені 2023 жылдың тамызында запастағы әскери қызметшілердің жиынына шақырды. Ол Райымбек ауданы бойынша шекара басқармасының далалық оқу полигонында өткен. Өзімнің алғашқы әскери шенімді де осы жиында алған кезімде маған шекарашылардың өмірі ұнағанын, өзіне шым тартып өкеткенін түсіндім. Жеті айдан кейін қызметке қабылданып, ауылымның шетіндегі шекара бөлімшесіне жіберілдім.

...Міне бөлімшеге осылай тап болған Дарынмен – кеудесінде Мұхаңның өлеңдері күмбірлеген шекарашымен біз де осылай ғайыптан кездесіп, сұхбаттас болған жайымыз бар. Сол-ақ екен, шекарашыны жүз жылдан бері білетіндей күй кешкенімізді несін жасырайық...

Әскери журналист
Т. ДӘУЛЕТБАЕВА, «OS-CP».
Суретті түсірген автор.

ПУТЬ ЖЕНЩИНЫ, ВЫБРАВШЕЙ ГРАНИЦУ

Каждый из нас хоть раз в жизни стоял на перепутье, когда нужно решить: остаться на привычной дороге или свернуть туда, где все новое, неизвестное, но зовет сердце. Для рядового Мадина Баймуратовой такой дорогой стала военная служба. Сегодня она – военнослужащая Департамента ПС КНБ по Костанайской области, молодая мать, которая когда-то, будучи девочкой, примеряла фуражку своего отца и думала: «А что, если и я когда-нибудь буду в военной форме?».



Мадина Армановна родилась и выросла в городе Тобол. В их семье всегда ценили честность, трудолюбие и уважение к Родине. Отец – Арман Аубакиров, сержант 3-го класса, отдал армии почти 25 лет своей жизни: срочная служба пришлась на середину девяностых, а затем были долгие годы контракта в городе Учарал. Мать Зульфия Аубакирова всю жизнь проработала учителем математики. В их доме не было громких разговоров о патриотизме, но дети видели: папа всегда держит слово, мама поддерживает семью, а форма отца – это не просто одежда, а уважение.

– Отец никогда не говорил: иди в армию, повторяй за мной. Он всегда был для нас примером. Когда я становилась старше, начала понимать, что военная служба – это не просто профессия, это особая ответственность. И если я хочу быть полезной стране, хочу гордиться собой и чтобы дочь гордилась мной, значит, пора сделать этот шаг, – рассказывает Мадина.

До службы она жила обычной, спокойной жизнью: окончила учебу, работала в банке, занималась семьей. У нее замечательный муж – Арман Тугелулы, работает энергетиком. Дочери Алтын всего три года, но уже сейчас она с восторгом рассматривает мамину форму и играет в «военных».

Когда Мадина решила подать документы, многие удивились: зачем менять стабильную работу на службу, которая требует больше, чем просто приходиться на работу? Но семья поддержала ее без сомнений.

От подачи документов до призыва прошло меньше трех месяцев. Специальная проверка, медицинские комиссии – все оказалось проще, чем она ожидала, потому что здоровье хорошее, а желание – твердое. И вот настал тот самый день. На плацу, в строю, перед знаменем она произнесла слова присяги.

– Я чувствовала, что стою уже не просто за себя – за семью, за отца, за тех, кто верит в меня. Эти слова давались не трудно – они шли от сердца, – вспоминает она.

Сейчас Мадина Баймуратова служит бухгалтером. Для нее это новая сфера, раньше она не имела опыта финансовой работы, но считает, что главное – желание учиться и честно делать свое дело. В Пограничной службе она нашла то, чего искала: дисциплину, команду, понимание, что ее труд важен.

В свободное время она печет пироги, слушает познавательные подкасты, проводит время с семьей. Служба не отнимает у нее женственности, наоборот – дает уверенность и ощущение, что каждый день прожит не зря.

Ее история – не про случайность. Она про выбор, про внутренний стержень и про женщин, которые все чаще становятся не просто хранительницами домашнего уюта, а настоящими защитницами своей страны.



Старший лейтенант
Н. САКЕН, «OS-CP».
Фото из личного архива
М. БАЙМУРАТОВОЙ.

АРНАСАЙ ШЕКАРАСЫНДАҒЫ АДАЛ ЕҢБЕК

Түркістан облысы, Шардара қаласының тумасы Кунжигитов Бауыржан Еркінбекович – адал еңбегімен, табанды қызметімен шекара шенінде ел тыныштығын күзетіп жүрген азамат. Ол 1978 жылы 26 қазанда дүниеге келіп, Қасым Аманжолов атындағы мектепте білім алып, кейін №16 колледжде автомеханика мамандығы бойынша білімін жалғастырды.



2009 жылы Бауыржан Кунжигитов өмірін шекара қызметімен байланыстырды. Алғашқы еңбек жолын Ордабасы шекара бөлімшесінде радиотелефоншы ретінде бастап, кейін Бимырза мен Тамды бөлімшелерінде жүргізуші қызметін атқарды. 2014 жылдан бері Арнасай шекара бөлімшесінде жүргізуші болып қызмет етіп келеді. Осындағы талай жылдық еңбегі оның төзімділігі мен кәсіби шеберлігінің айқын дәлелі. Қызмет барысында Бауыржан Кунжигитов бірнеше құқықбұзушылықтардың алдын алып, Мемлекеттік шекара режимінің сақталуына зор үлес қосты. Атап айтқанда, түрлі контрабандалық әрекеттерге, оның ішінде түсті металл мен заңсыз балық өткізуге тосқауыл болды. 2024 жылы ол 15 қазақстандық азаматтың Мемлекеттік шекара режимін бұзу дерегін әшкерелеп, заңдылықтың үстемдік құруына үлес қосты.

Қырағы сарбаз ғана емес, ардақты әке де атанған Бауыржанның өмір жолы – жас буынға үлгі. Ол өз қызметімен қатар отбасына мейірімді отаға, ұл-қыздарына арқа сүйер әке бола білді. Ел қорғаны шекарашының адал еңбегі мен отансүйіштігін дәріптейтін бір көрініс.

Майор Р. АСАДИЛОВ,
«OS-CP». Сурет
шекара бөлімшесінен.

ТАЗАЛЫҚ ПЕН ЖАЙЛЫЛЫҚ КЕПІЛІ

Әлем қатты дамып, үнемі қозғалыста болса да, дұрыс іргелі жұмыс істеуі көбінесе көзге көрінбейтін, бірақ өте маңызды істерді арқалаған адамдарға байланысты. Олардың қатарына шекара қызметінің жұмыс орындарын таза ұстаушылар мен шаруашылық қызметі де жатады. Міне, осындай шынайы еңбекқорлардың бірі – Карлыгаш Жумабергеновна.



Ол 1984 жылы 4 ақпанда Ақтөбе облысының Әйтеке би ауданындағы Қарабұтақ ауылында дүниеге келген. Болашақ маман алғашқы білімін Әлімбет ауылындағы орта мектепте алып, 2001–2003 жылдары Ақтөбе қаласындағы байланыс және электронды техника колледжінде «финансист» мамандығы бойынша білімін жетілдірді. Бірақ оның білім алуға деген ұмтылысы осымен шектелмеді. 2013–2016 жылдары ол қайтадан оқуын Қазақ жол-қатынастары университетінде жалғастырып (Алматы қ.), көлік-жол қатынастары мен жүкті ұйымдастыру мамандығын сырттай оқып шықты.

Жеке өмірінде Карлыгаш Гилманова жұбайымен төрт баланы тәрбиелеп, бақытты отбасын құрған. Оның жолдасы теміржолда жол монтері болып істейді, яғни жолдың қауіпсіздігі мен жарамдылығына жауапты маман иесі.

Жүрегі мейірім мен ізетке толы Карлыгаш ҚР Ұлттық Қауіпсіздік Комитетінің Шекара қызметі Ақтөбе облысы бойынша департаментінің «Әлімбет» автомобильді шекаралық бақылау бөлімшесінде 13 жылдан астам уақыт қызметші болып еңбек етеді.

Карлыгаш Жумабергеновна үшін тазалық – жай ғана ереже емес, ол әріптестерінің көңіл-күйі мен жұмыс өнімділігіне тікелей әсер ететін жайлы ортаның негізі. «Адамдар таза бөлмеде жұмыс істегенде көңілдері көтеріңкі болады, тыныш отырып, таза ауамен дем ала алады және жұмысқа деген ынтасы артады. Мен осыған өз үлесімді қоса алатыныма қуанамын», – деп бөліседі ол.

Ол әр таңда әріптестерін жылы күлкімен қарсы алып, оларға жақсы көңіл-күй сыйлайды. Карлыгаш барлық шекарашыларды өз аттарымен атап, әрқайсысының жағдайын сыпайылықпен сұрап отырады. Осының нәтижесінде

оның мейірімділігі мен өз ісіне деген шексіз жауапкершілік сезімі бүкіл бөлімшенің мәдениетінің ажырамас бөлігіне айналды. Әріптестері оны тек еңбексүйгіштігі үшін ғана емес, сонымен бірге терең адамгершілігі үшін де қадірлейді.

Карлыгаш Гилманова бұл бөлімшеде өткен көптеген оқиғалардың куәсі болды. Бөлімшеге жаңа басшылар келіп, ұжым жаңа жетістіктерге жетіп, мәртебелі мерекелер өтті, осының барлығын өз көзімен көрген қызметші. Әрбір маңызды күн оның жадында сақталған. Әрі, қуана еске алып отырады.

Бірінші күннен бастап өз ісіне үлкен жауапкершілікпен қарап, әр бұрыштың жарқырап тұруын қамтамасыз етіп келе жатыр. Ол – ұжымның рухын көтеретін, жан дүниесі бай, шынайы кәсіби маман. Дәл осындай қызметшілердің арқасында ғана шекара қызметі әрдайым тазалық пен тәртіптің үлгісін көрсете алады.



Аға лейтенант
Ж. ШАРМАКОВ, «ОС-ЧР».
Суретті түсірген автор.

ТЕМІРДЕЙ ТӘРТІПТІҢ АДАМЫ

Мемлекеттік шекара — кез келген елдің тәуелсіздігі мен тұтастығының нышаны. Оның мызғымастығы мен қауіпсіздігін қамтамасыз ету жолында күн-түн демей еңбек етіп жүрген жандар аз емес. Солардың бірі – ҚР ҰҚК ШҚ ШҚО бойынша департаментінің инженерлік-техникалық қамтамасыз ету бөлімінің инженерлік бөлеттерді жасау тобының дәнекерлеуші шебері, өзінің ісіне адал маман – қызметші Мадиев Айымбек Слямханович.

Мадиев Айымбек — еңбекқорлық пен шеберлікті қатар ұстанған, техникалық саланың білгір мамандарының бірі. Ол шекара бөлімшелеріндегі құрылғылар мен қорғаныс жүйелерінің техникалық жарақтандырылуын қамтамасыз ету ісіне сүбелі үлес қосып келеді. Дәнекерлеуші мамандығы – жоғары дәлдікті, төзімділікті, сондай-ақ үлкен жауапкершілікті талап етеді. Айымбек ағаның бұл салада өз кәсібіне деген жауапкершілігі мен ұқыптылығы оны ұжымда үлкен құрметке ие еткен.

Шекара қызметіндегі техникалық жұмыстардың сапасы мен сенімділігі – тікелей осындай мамандардың еңбегіне байланысты. Қорғаныс нысандарын орнату, шекаралық инженерлік кедергілерді күшейту, қауіпсіздік жүйелерін техникалық тұрғыдан толық жабдықтау — мұның бәрі білікті дәнекерлеушілердің тынымсыз еңбегімен іске асады. Бұл тұрғыда Мадиев Айымбек өз саласында сенімді тірек бола білген азамат.

Қызмет барысында ол тек техникалық шеберлігімен ғана емес, адамгершілік қасиеттерімен де ерекшеленіп жүр. Жауапкершілік, тәртіпке мойынсұну, ұжыммен үйлесімді жұмыс істей білу — оның басты қасиеттерінің бірі. Әріптестері Мадиев Айымбекті өз ісіне адал талапшыл әрі сенімді маман ретінде бағалайды.

Күнделікті жұмыста көзге көріне бермейтін, бірақ шекара қауіпсіздігінің техникалық тірегі болып табылатын инженерлік мамандардың еңбегі қашанда маңызды. Мадиев Айымбек секілді өз ісінің шеберлері — ҰҚК Шекара қызметінің тыныштығы мен техникалық сенімділігінің кепілі.

Осындай абыройлы қызметте жүріп,

адал еңбегімен ерекшеленіп жүрген жандар ел қауіпсіздігін сақтау жолындағы тынымсыз еңбектің нағыз үлгісі



бола алады. Қауіпсіздік — тек қарулы күшпен ғана емес, техникалық негізбен де нығаятынын ұмытпаған жөн. Бұл тұрғыда Мадиев Айымбек — нағыз темірдей тәртіптің адамы, шекараның мызғымастығына өз қолтаңбасын қалдырып жүрген қарапайым еңбек майталманы.

Подполковник
Г. БАКЕТОВ,
«ОС-ЧР». Сурет
шекара басқармасынан.

РОЖДЕННЫЙ ДЛЯ МОРЯ

Служба на море – это и романтика, и честь, и увлечение, и призвание. Здесь служат особенные люди – смелые, надежные, харизматичные и преданные. Такие, как главный старшина Александр Гусев, старшина команды электриков пограничного сторожевого корабля «Сакшы».



Александр родом из села Жангызкудук Целиноградского района Акмолинской области. В этих краях нет моря – только степи, озера и реки.

Казалось бы, нет и не может быть никакой связи между Александром и морем. Только судьба приготовила ему неожиданный поворот.

В 2019 году после окончания строительно-технического колледжа юноша работал автомехаником, когда получил повестку на срочную службу.

– 31 июля 2019 года я получил повестку о призыве в армию, еще и в свой день рождения. Конечно, это было неожиданно. В тот мо-

мент я был в гражданском браке, у меня был сын, и супруга была в положении. Переговорив с женой и обговорив все детали, мы сошлись в одном мнении, что нужно пойти и отдать долг Родине. 27 сентября я убыл в армию, в Мангистаускую область, город Актау, – рассказывает Александр.

Так началась служба нашего героя в первом дивизионе береговой охраны Департамента ПС КНБ по Мангистауской области. И именно здесь, в Актау, Александр впервые увидел море.

– Когда я в первый раз вышел в море на корабле, я просто замер. Вдохнул морской воздух, посмотрел на горизонт... И все... Море сразу взяло за душу. И тогда я понял – это мое, – вспоминает главный старшина.

Морская служба молодому матросу очень понравилась. Уже на первом выходе в море экипаж задержал нарушителей, а сам А. Гусев

прошел ритуал «оморячивания». Решение остаться на контрактной службе было принято быстро. Поддержали и супруга, и родители.

Александр прошел медкомиссию, собрал документы. После окончания срочной службы вернулся в Астану – сделал предложение любимой. Через неделю – звонок: приказ на контрактную службу. На следующий день – снова в Актау.

Командир корабля, капитан второго ранга Рахимбек Касимов отзывается о старшине с уважением:

– Главный старшина Александр Гусев – отличный специалист. Он знает каждый винтик нашего корабля. В сложных ситуациях его знания и спокойствие не раз спасали экипаж. У нас на кораблях говорят: с таким моряком – хоть в шторм, хоть в бой.

Стоит отметить, что за семь лет службы главный старшина принимал участие в задержании 30 нарушителей режима территориальных

и внутренних вод и 20 браконьеров, участвовал в досмотре сотни различных судов, совершил более 150 выходов в море. За добросовестную службу главный старшина награжден грамотами руководства департамента и Пограничной службы. Но сам о наградах говорит скромно. Гораздо больше гордится другим:

– Семья – моя опора и гордость. В браке уже семь лет. Воспитываем четверых детей: троих сыновей и дочь. Дети знают, чем занимаюсь, жена относится с пониманием и гордостью. Это для меня – главное.

Сегодня Александр Гусев – человек, который однажды сделал выбор и с тех пор следует ему с честью. Его жизненный путь – напоминание о том, что призвание может найти тебя в самый неожиданный момент, а море способно навсегда изменить судьбу.

Капитан А. ЖАНАЛИПОВ,
«ОС-ЧР». Фото автора.

ГАРНИЗОН – БІР ОТБАСЫ

Біртұтас гарнизон – тұрақтылық пен тәртіп кепілі Ақтау қаласының Достық үйінде «Біртұтас гарнизон – тұрақтылық пен тәртіп кепілі» атты форум өтті. Іс-шараны «Аналар жүрегі» сарбаз аналар комитеті республикалық қоғамдық бірлестігі ұйымдастырды.

Форумның мақсаты – Ақтау гарнизонындағы әскери бөлімдер басшылығы мен мерзімді әскери қызметшілердің отбасылары арасындағы өзара іс-қимылды нығайту, ішкі тәртіп пен тұрақтылықты қамтамасыз ету, қызметтік міндеттерді тиімді орындаудың жолдарын талқылау.



Форум аясында дөңгелек үстел өтті. Оған «Батыс» өңірлік қолбасшылығының қолбасшысы, генерал-майор Бауыржан Артыков, ҚР ҰҚК Шекара қызметінің Маңғыстау облысы бойынша департаментінің бастығы, полковник Санат Жұманов, әскери бөлім командирлері, тиісті құрылымдардың өкілдері, мерзімді әскери қызметшілердің ата-аналары және «Аналар жүрегі» қоғамдық бірлестігінің Маңғыстау облыстық филиалының жетекшісі Гүлмира Жанысбаева қатысты.

Өз сөзінде полковник Санат Жұманов ата-аналармен және қоғаммен ашық байланыс орнатудың маңыздылығын атап өтті:

«Гарнизон — бұл біртұтас отбасы. Біздің ортақ міндетіміз — әскери қызметтің қауіпсіз өтуін қамтамасыз ету. Әр сарбаздың аман-есен үйіне оралуы – бәріміз үшін басты мақсат.

Осы бағытта біз әскери прокуратурамен, әскери полициямен, қоғамдық ұйымдармен және жергілікті атқарушы органдармен бірлесіп бар күшімізді салып жатырмыз. Ең алдымен – ата-аналармен және қоғаммен ашық диалог арқылы.

Біз мұндай форумдарды ғана емес, түрлі кездесулерді де жиі өткіземіз, ата-аналарды барлық іс-шараларға шақырамыз, кері байланысты тыңдауға әрдайым дайынбыз. Бұл біз үшін өте маңызды.»



ТВОИ ЛЮДИ, ГРАНИЦА

Дөңгелек үстел барысында сөз сөйлеген Гүлмира Жанысбаева ата-аналар мен әскери басшылық арасындағы сенімді арттырудың қажеттігін атап өтті:

«Ана ретінде мен бүгінгі таңда ұлдары әскери қызметте жүрген барлық ата-аналардың сезімін жақсы түсінемін. Басты тілегіміз – балаларымыздың қауіпсіз жерде болуы, дұрыс тамақпен, медициналық көмекпен қамтамасыз етілуі және оларға құрметпен қаралуы.

Армия – бұл тек жауынгер ғана емес, саналы азамат тәрбиелейтін орта болуы керек. Олар елге адал қызмет етіп, үйге мақтанышпен оралуы тиіс.

Әскери бөлімдер мен ата-аналар арасында ашық әрі сенімді диалог орнаса – өзара түсіністік пен құрмет қалыптасады. Мұндай кездесулердің тұрақты түрде өткізілуіне үміттіміз», – деді ол.

Форум барысында мерзімді әскери қызметтің ету шарттары, сарбаздар мен матростардың моральдық-психологиялық жай-күйі, олардың құқықтық және әлеуметтік қорғалу мәселелері талқыланды.

Құқық қорғау органдарының өкілдері мынадай бағыттар бойынша нақты баяндамалар жасады: киім-кешекпен қамтамасыз ету; тамақтану сапасы; әскерге шақыру науқанының ашықтығы; мерзімді әскери қызмет кезінде білім беру жеңілдіктеріне қол жеткізу мүмкіндігі; әскери бөлімдердегі психологиялық қолдау жүйесі.

Форум соңында әскери қызметте ерекшеленген сарбаздар мен олардың аналары алғыс хаттармен және құрмет грамоталарымен марапатталды.

Іс-шара әскери бөлімдердің көркемөнерпаздар ұжымдары дайындаған концерттік бағдарламамен аяқталды.



**Капитан
А. ЖАНАЛИПОВ
«ОС-ЧР».**
Суреттерді түсірген автор.

ОФИЦЕР С СЕРДЦЕМ ЗАЩИТНИКА

Есть люди, на которых держится честь мундира, крепость границы и спокойствие страны. Старший лейтенант Берик Шукуров – именно из таких. Его биография – это не просто путь военного. Это путь воина, гражданина и настоящего патриота своей земли.



Родился Берик Жанболатович 13 декабря 1983 года в селе Ольговка Жамбылского района Северо-Казахстанской области. Школьные годы прошли в селе Благовещенка, где юный Берик впитал в себя уважение к старшим, любовь к Родине и мечту – однажды надеть военную форму.

Мечта сбылась. В 2002 году он был призван на срочную службу в Пограничную службу, где с первых дней проявил себя как ответственный, инициативный и надежный боец. По окончании срочной службы, не раздумывая, решил продолжить служение Родине. В марте 2005 года он стал военнослужащим по контракту в воинской части 2032 города Петропавловск.

Девять лет службы в пограничных подразделениях стали школой мужества и стойкости. На должности старшего инструктора служебных собак Берик Жанболатович был в числе тех, кто ежедневно защищал рубежи страны не на словах, а на деле.

Именно благодаря его профессионализму были предотвращены многие преступления, способные нанести серьезный урон национальной безопасности.

В 2007 году, находясь в пограничном наряде по досмотру транспортных средств и грузов в автомобильном пункте пропуска «Жана жол», он задержал гражданина Казахстана, пытавшегося незаконно вывезти в Россию иностранную валюту на сумму, эквивалентную 100 тыс. долларов США. Бдительность и решительные действия

военнослужащего позволили вовремя пресечь попытку контрабанды.

А уже в 2008 году с верным напарником – служебной собакой по кличке Бэлла, пограничник задержал гражданина Кыргызстана, везшего через границу 300 гр. героина в рейсовом автобусе.

За добросовестную службу и высокие показатели Берик Жанболатович был признан лучшим инструктором служебных собак Регионального управления «Солтүстік» ПС в 2010 году.

Несмотря на полную занятость на службе, он нашел в себе силы получить высшее образование. В 2017 году окончив Национальный институт бизнеса по специальности «Юриспруденция», офицер стал не только грамотным, но и юридически подкованным защитником.

В 2021 году Берик Шукуров был назначен на офицерскую должность в Департамент ПС по Северо-Казахстанской области. В 2022-м году ему торжественно было присвоено первое офицерское звание лейтенант. Сегодня он продолжает службу в отделе боевой подготовки и службы войск, делаясь богатым опытом с молодыми военнослужащими, воспитывая в них дух и стойкость, которые так необходимы защитнику Отечества.

Он – не просто офицер. Он – пример для сослуживцев, для будущих поколений, для своих дочерей Анель и Диляры, для каждого, кто сегодня носит или мечтает носить форму.

В его глазах спокойная уверенность, в его поступках – железная дисциплина. В его сердце – Родина.



**Майор
Д. УТЕБАЕВА,
«ОС-ЧР».**
Фото из личного
архива Б. ШУКУРОВА.

ҚҰМДЫ МЕКЕНДЕГІ ҚАЙСАР ҚЫЗМЕТ

1979 жылы Сыр топырағында, қасиетті Қызылорда облысында дүниеге келген Шалқар Байқоңыров, жас күнінен еңбекке ерте араласқан. Әскери өмірге бейімделуі 1998-2000 жылдар аралығында Арыс қаласында борышын өтеген кезінде басталды. Ал 2004 жылы Шекара қызметінде өзінің кәсіби жолын бастайды. Алғашқы қызмет орны – «Шиелі» шекара заставасы. Сол жылдардан бері шекараның әр нүктесінде аянбай еңбек етіп, тыныштықтың тірегіне айналды. Ш.Махамбетов – көпқырлы тұлға. Бала күнінен әкесінен автоэлектрика сырын үйренген ол, шекара қызметінде де осы салада еңбек етті. Қарапайым жүргізушіден бастап, аға техник лауазымына дейін көтерілді. Бұл – тек кәсібилік пен еңбекқорлықтың емес, сонымен қатар, әр іске жүрекпен қарап, бар болмысын арнай білудің нәтижесі.

«Құм – менің екінші үйім», – дейді кейіпкеріміз. Расында, айлап жүріп, шекара шебінде белгі орнатып, ел шекарасын күзету – екінші бірінің қолынан келе бермейтін жұмыс. Ауа райының қиындығына, табиғаттың тосын мінезіне қарамастан, ол өз міндетін абыроймен атқарып келеді. Қазіргі таңда ол өзінің

алғашқы қызмет ошағы – «Шиелі» шекара бөлімшесінде еңбек етуде. Жас буынға тәжірибесін үйретіп, оларға жол көрсетуші. Жауапкершілігі мен адамгершілігі мол, кәсіби білімі терең маман – әріптестері арасында үлкен құрметке ие.

Ш. Байқоңыров қызметте ғана емес, отбасында да үлкен жауапкершілік иесі. Ол – 6 баланың әкесі. Үлкен отбасының тірегі бола жүріп, Отан алдындағы борышын да адал атқарып келеді. Балаларына өмірлік өнеге көрсетіп, «еңбек пен тәртіп – табыстың кілті» екенін ісімен дәлелдеп жүрген азамат. Оның отбасы – шекарадағы қызметтің қиындығын жақсы түсінетін, әрқашан қолдау білдіретін шынайы тірек. Шалқардай азаматтар – еліміздің шекаралық қауіпсіздігінің алтын тірегі. Олардың әр күні – бейбіт өмірдің көпірі. Осындай тұлғалар арқылы ел болашағы айқын, тыныштығы берік болмақ.



**Аға лейтенант
Ә.ТӨЛЕБАЙ,
«OS-ЧР».**
Суретті түсірген
автор.

Еңбекке адалдық – адамның ішкі мәдениеті мен азаматтық жауапкершілігінің айқын көрінісі. Адал еңбек – тек қызметтегі табыс емес, ұлтқа, елге, қоғамға шын жүректен қызмет етудің үлгісі. Осындай адал қызметтің жарқын бейнесі аға сержант Махамбетов Шалқар Байқоңыров. Ол – Шекара қызметіне өмірін арнаған, бүгінгі ұрпаққа үлгі болар азамат.



ҚАЙСАР ЖӘНЕ ШАРУАҚОР

ҚР ҰҚК Шекара қызметі Абай облысы бойынша департаменті Семей шекара басқармасының «Қоянбай» шекара бөлімшесінде абыройлы еңбек етіп жүрген сарбаздардың бірі – старшина Қайруллин Диас Зейнелғабитұлы. Ол өз өмір жолын ел шекарасын қорғау ісіне арнаған, тәртіп пен жауапкершілікті жоғары қоятын нағыз шекарашы.



Диас Зейнелғабитұлы 1993 жылдың 18 қарашасында Семей облысы Бесқарағай ауданындағы Бесқарағай ауылында дүниеге келген. Балалық шағы туған ауылында өтіп, 2000–2009 жылдары Қайрат Рысқұлбеков атындағы Борасин орта мектебінде білім алды. Мектеп қабырғасын 9-сыныппен аяқтап, кейін Бесқарағай колледжінде «Ауыл шаруашылығын механикаландыру» мамандығын игерді. Колледжде оқып жүргенде Диас ауыл шаруашылығы техникасын және автокөлік жөндеудің қыр-сырын жетік меңгеріп шықты.

Ел алдындағы азаматтық борышын өтеу үшін ол 2012–2013 жылдары Астана қаласындағы №68665 әскери бөлімінде әуе мобильді әскерлер қатарында мерзімді қызметін өткерді. Әскери ортада шыңдалған жас сарбаздың шекара әскерлерінде қалу арманы да осы кезеңде қалыптасты.

2014 жылдың 11 қыркүйегінен бастап Қайруллин Диас келісімшарт бойынша әскери қызметке қабылданып, №2034 әскери бөлімінде қызмет жолын жалғастырды. Алғашқыда аға радиотелефонист болса, бір жылдан кейін-ақ бөлімше бастығы қызметіне дейін көтерілді. Жауынгерлік дайындық пен кәсіби шеберлігі арқылы ол әріптестерінің сеніміне ие болды.

2018–2019 жылдары сол бөлімшенің десанттық-шабуылдау взводында барлаушы міндетін атқарған Диас әскери машық пен шеберлігін одан әрі шыңдады. Ал 2020–2021 жылдары Борас шекара бөлімшесінде қызметін мінсіз атқарды. 2021–2022 жылдары «Семей» шекара басқармасының құрамындағы «Қоянбай» шекара бөлімшесінде мобильді топтың жетекшісі болды. Бүгінде, 2023 жылдан бастап «Қоянбай» шекара бөлімшесінің старшинасы ретінде өз борышын абыроймен атқарып келеді.

Әскери өмірді таңдаған сарбаз жеке өмірде де үлгілі жанұя иесі. Үйленген, бір қызы бар. Қызметте де, отбасында да жауапкершілікті алдыңғы орынға қоя біледі.

Старшина Қайруллин – кәсіби шеберлігімен, адалдығымен ерекшеленген шекарашы. Ол «Үздік шекарашы» II дәрежелі төсбелгісімен, 10 жылдық медальмен марапатталған. Әскери қызметпен қатар спортты да серік еткен ол – департаменттің құрама командасында футболдан

өнер көрсетіп, талай додаларда бөлім абыройын асқақтатқан.

Әскери қызметтің әр күні – жауапкершілік пен сергектікті талап етеді. Қайруллин Диас осы қағиданы жадынан шығармай, әр тапсырманы мұқият әрі тиянақты орындайды. Оның айтуынша, шекарашының басты қаруы – тәртіп пен сақтық.

Қоянбай шекара бөлімшесі – мемлекетіміздің шығыс қақпасының бір бөлігі. Мұндағы қызмет ерекше қырағылықты қажет етеді. Старшина Қайруллин бөлімшенің беделін көтеріп, жас жауынгерлерді шыңдауда үлкен үлес қосып келеді.

Отбасында да, қызметте де адалдықты серік еткен Диастың өмірлік ұстанымы – «Әскерге келген соң, туған елге қызмет ету парыз». Бұл қағиданы ол әрдайым жас сарбаздарға да айтып жүреді.

Әрбір марапат – оның адал еңбегінің жемісі. «Үздік шекарашы» төсбелгісі мен мерейтойлық медальдар – ең алдымен, ел қорғаудағы қажырлы қызметтің нәтижесі.

Сондай-ақ әріптестері еске алатындай, ол тек әскери істе ғана емес, бөлімшенің тұрмыс-тіршілігінде де нағыз іскер азамат ретінде көзге түсті. Қиын сәттерде қиналып отырмай, ер-азаматқа тән қайсарлықпен және шаруақорлықпен мәселелерді шешіп отырған. Мәселен, су құбыры жарылғанда өз күшімен жөндеп, дауылды жел ұшырып әкеткен шатырды қайта қалпына келтірген, қысқы боранда қарға батқан техниканы шығарып алған кездері болған. Осындай жауапкершілігі мен еңбекқорлығы арқасында ол бөлімшеде «өз үйінің иесіндей» сыйлы. Әріптестері оны «бөлімшенің қожайыны, отбасының тірегі секілді» деп сипаттайды.

Қайруллин Диас үшін шекара күзету – ата-бабадан қалған аманат. Ол туған жердің тыныштығын сақтап, елдің шекарасын күзетуді қасиетті борыш санайды.

Алдағы уақытта да ол адал қызметін жалғастырып, жас буын сарбаздарды тәрбиелеуде, бөлімшенің намысын қорғауда табандылық танытатынына сенім мол. Осындай елін сүйген шекарашылар барда Қазақстанның шекарасы қашанда берік болмақ.

**Аға лейтенант
Е. ҚАЙРТАЙ, «OS-ЧР».**
Сурет шекара
басқармасынан.

СЫР БОЙЫНДАҒЫ РУХАНИЯТ ОШАҒЫ

«Сунақ ата – білім мен парасаттың, иман мен ізгіліктің үлгісі. Оның артында қалған ілімі мен өнегесі – ұрпаққа жол көрсететін жарық шырақ» – деп айтылатын көне жазбаларда.

Бала күнімізде ауыл қариялары Сунақ ата туралы көп айтып отыратын.



“Әулие кісі болған”, “Жолың түссе, зиярат ет” деген сөздерді жиі еститінбіз. Бала болған соң бәрін терең түсіне бермейміз ғой, дегенмен сол кездің өзінде Сунақ ата кесенесі туралы аңыздарға ерекше қызығушылықпен құлақ түретін едік. Қазір есейген шағымызда бұл киелі орынның мәні мен маңызына терең бойлап, оның халқымыздың тарихи жады мен рухани болмысы үшін аса құнды қазына екенін толық түсініп отырмыз.

Сунақ ата – Қызылорда облысы, Жаңақорған ауданының аумағында орналасқан тарихи-мәдени ескерткіш. Бұл мекен – орта ғасырлардағы Сыр бойындағы өркениеттің, ғылым мен діннің дамыған орталығы болған ежелгі қала орны. Ғалымдардың зерттеуінше, бұл жерде XII-XIII ғасырларда ірі қалашық өмір сүрген. Бұл орын тек жергілікті жұрт үшін ғана емес, жалпы түркі жұрты мен ислам өркениетінің тарихындағы ерекше орындардың бірі. Сунақ ата – Орта ғасырларда өмір сүрген, ел ішінде даналығы мен дін жолындағы еңбегімен танылған әулие. Ел арасында ол туралы айтылатын аңыз-әпсаналар мен шежірелер өте көп. Кесененің жанында Сунақ ата қалашығының орны да бар. Археологиялық зерттеулер бұл қалашықтың орта ғасырларда өркен жайған үлкен мәдени-діни орталық болғанын дәлелдейді. Бұл – қазақ даласындағы руханият пен өркениеттің сабақтасқан

мекені. Мұнда медреселер, мешіттер болған, діни ілім іздеген шәкірттер тәлім алған. Демек, Сунақ ата – тек бір адамның есімі ғана емес, тұтас бір дәуірдің айғағы.

Қазіргі таңда Сунақ ата кесенесіне зиярат етушілер қатары артып келеді. Әсіресе жастардың бұл мекенге барып, тарихпен танысуы, рухани тәрбие алуы – көңіл қуантады. Бұл кесене – біздің елдігіміздің, бірлігіміздің символы іспетті. Оның әрбір кірпіші – тарих, әрбір ізі – өткеннің аманаты.

Киелі жерлер – халықтың рухани тірегі. Сунақ ата – осындай киелі нысандардың қатарында. Бүгінде мемлекет тарапынан бұл кесенеге тиісті деңгейде көңіл бөлініп, абаттандыру, сақтау жұмыстары қолға алынуда. Болашақта бұл орын тек зиярат ететін емес, сондай-ақ жастарға рухани тәрбие беретін, тарихпен таныстыратын мәдени орталыққа айналады деп сенеміз. Бала күнімізде естіген Сунақ ата туралы аңыздар бүгінде біздің шынайы өміріміздің бір бөлшегіне айналды. Бұл – ұрпақ сабақтастығының, рухани жалғастықтың көрінісі. Біздің міндет – осындай киелі орындарды сақтап, ұлықтап, келер ұрпаққа аманаттау.

**Аға лейтенант
Ә. ТӨЛЕБАЙ, «OS-ЧР».**
Сурет ғаламтор желісінен.

АТАУЛЫ КҮН

САРБАЗ АНАСЫ

ҰЛТТЫҢ МӘҢГІЛІК КОДЫ



1998 жылдан бастап 22 қыркүйекте тойланып келген мереке 2017 жылғы «Қазақстан Республикасында мереке күндер тізбесін бекіту туралы» қаулысына сәйкес 5 қыркүйекке ауыстырылды. 5 қыркүйек – Алаш арысы, ұлт ұстазы Ахмет Байтұрсынұлының туған күні. Бұл күннің ұлы ұстаздың туған күнімен астасуы – кездейсоқтық емес, тарихи заңдылық. Өйткені ол – қазақ тілінің тағдыры үшін күрескен, тілдің тек қатынас құралы емес, халықтың жаны екенін дәлелдеген тұлға.

Адамзат тарихына үңілсек, әрбір өркениеттің гүлденуі мен құлдырауы тілімен тікелей байланысты болғанын көреміз. Ежелгі Мысырдың иероглифтері, грек философтарының еңбектері, түркі бабаларымыздың Орхон жазбалары – бәрі де тіл арқылы ұрпаққа жетті. Егер тіл жоғалса, сол халықтың мәдени жадынан да айырылатыны – тарихи ақиқат.

Қазақ үшін тіл – жай ғана қарым-қатынас құралы емес. Ол – көшпелінің дүниетанымы, дала философиясы, ұрпаққа аманатталған шежіре. «Өнер алды – қызыл тіл» деген сөз қазақтың сөзге, тілге деген құрметін көрсетеді. Тілде халықтың тарихы, күлкісі мен қайғысы, қуанышы мен арман-мұраты тоғысқан.

Ахмет Байтұрсынұлы XX ғасырдың басында қазақ тілін сақтап қалудың күресін жүргізді. Ол әліпби жасап қана қойған жоқ, тілдің ғылым ретіндегі негізін қалады. «Тіл жоғалған жұрттың өзі де жоғалады» деген сөзі – ұлт тағдырының айнасы. Ол кезде патшалық империяның тіл саясаты қазақты ассимиляциялауға бағытталса, Ахмет тіл арқылы халықтың рухын сақтап қалуға ұмтылды.

Қазіргі таңда елімізде 130-дан астам этнос өкілдері өмір сүріп жатыр. Мемлекет құраушы ұлт – қазақтардың үлесі 70%-дан асады. 100-ден астам ұлтқа Ассамблея жанында тілдерін дамытуға мүмкіндік жасалған. 10-нан астам этникалық топтың өз тілдерінде оқытатын мектептері бар және оларда мәдени-рухани қолдау орталықтары жұмыс істейді. Әрбір этностың тілін сақтау – мәдени алуандықты қорғау. Бірақ осы алуандықтың ішінде қазақ тілі – елді біріктіруші, тамырды жалғаушы, мемлекеттің іргесін бекітуші тіл болуы шарт.

Қазақ тілі мемлекеттік тіл ретінде барлық мемлекеттік органдарда, білім беру жүйесінде және қоғамдық өмірде белсенді қолданылуда. Орыс тілі ресми тіл мәртебесін сақтай отырып, этносаралық қатынас тілі қызметін атқаруда. Ұлттық азшылықтардың тілдері мәдени дәстүрлерді сақтау мен дамытуда маңызды рөлге ие. Үштілді білім беру бағдарламасы аясында жас ұрпақ қазақ, орыс және ағылшын тілдерін меңгеруде.

Тілдік алуандық – Қазақстанның ең бай қазынасы. Ол еліміздің көпұлтты болмысын сипаттайды және келешекте де дамуына ықпал етеді. Президентіміз айтқандай, әрбір азамат өз ана тілін құрметтей отырып, басқа тілдерге де толеранттылық танытуы керек.

Лейтенант А.КИРГИЗБАЕВ, «OS-ЧР».
Сурет ЖИ арқылы жасалды.

САРБАЗДАРҒА СҮЙЕУ БОЛҒАН МЕЙІРІМ

Ана жүрегі – мейірім мен жылу мекені. Қоғамда ерекше жауапкершілікті мойнына алып, сарбаздар тағдырына алаңдап, олардың ата-аналарына көмектесіп жүрген жандар бар. Солардың бірі – Жетісу өңірі және Алматы қаласы мен Алматы облысы бойынша «Сарбаз аналары комитетінің» өкілі, республикалық «Аналар жүрегі» қоғамдық бірлестігінің мүшесі Татьяна Тропина.



Татьяна Геннадьевна Жетісу облысы Рудничный ауылында дүниеге келген. Балалық шағында үйінің жанында орналасқан шекара ұжымының жауынгерлік қызметіне қызығып өскен. Есейгенде тағдыры оны сарбаздар өмірімен байланысты жолға салғандай. Бүгінде ол «Аналар жүрегі» ұйымында үш жылдан астам уақыт жұмыс жасап келеді.

Татьянаның басты мақсаты – әскер қатарына шақырылған жас сарбаздардың жағдайын қадағалау. Олардың әскери өмірге бейімделуіне көмектесу. Ата-аналарының көкейінде жүрген сауалдарға жауап беру. Татьяна Геннадьевна шекара шебіне барып, сарбаздармен кездесу өткізеді. «Срочник 2.0» бағдарламасының маңызын түсіндіреді. Әскери тәртіп пен жолдастық қарым-қатынас туралы әңгімелеп, әлімжеттік пен Жарғыға қайшы әрекеттердің алдын алуға арналған тәрбие жұмыстарын өткізеді. Әңгімелесіп қана қоймайды, сарбаздардың күнделікті тұрмысын, жағдайын өз көзімен көреді. Бүгінде Ұшарал, Ақжар, Шонжы секілді оқу-жаттығу орталықтарын Қордайдағы шекаралық ұжымдарды аралап, сарбаздармен тығыз байланыс орнатты. Мәселен, Ұлы Жеңістің 80 жылдығына орай сарбаздармен бірге еске алу флешмобын ұйымдастырып, жауынгерлер рухына тағзым етті.

Сарбаздармен жұмыс жасау кезінде Татьяна Тропина ата-аналармен тығыз қарым-қатынас жасайды. Әрбір адам үшін баласының әскердегі жағдайы алаң туғызатыны белгілі. Сондықтан ол үнемі сарбаздардың тұрмыстық жағдайла-

рын біліп, алыстағы үй ішімен байланыс орнатып отырады. Кей сарбаз сырқаттанып, госпитальге түсуі мүмкін. Сондай кезде туысқандары бара алмаса, өзі барып, дәрігерлерден қалын біледі. Осыдан-ақ Татьянаның бойындағы аналық мейірім мен жауапкершілікті көруге болады. Оның өмірлік ұстанымы: Бөтен бала болмайды. Әр сарбазды өз баласындай көріп, үнемі жанашырлық танытып жүреді.

– Егер де менің ұлым да осылай әскери қызметте жүріп, біреу мен сияқты барып жағдайын біліп, қолдау көрсетсе, менен асқан бақытты ана болмас еді, – дейді ол.

Бұл сөздер оның жүрегінің жан сыры. Өйткені шекарада қырағы қызметте жүрген әрбір сарбаз – ел тыныштығының кепілі, анасының үміті, халықтың сенімі.

Татьяна Тропина өзінің еңбегімен сарбаздарға рухани демеу болып қана қоймай, қоғамға жомарт жүректің үлгісін көрсетіп жүрген жан. Оның қызметі – аналық мейірімнің, патриотизмнің және қайсарлықтың айғағы!

**Подполковник
М. ҚАРЕКЕНОВ, «OS-ЧР».**
Сурет жеке мұрағатынан.

OTAN SAQSHYSY

Часовой Родины

ҚР ҰҚК Шекара қызметінің апталық газеті
Меншік иесі:
Қазақстан Республикасы ҰҚК Шекара қызметі
Редакцияның мекенжайы:
Астана қаласы, Лепсі көшесі, 63.
Телефондар: Бас редактор: 8 (7172) 57 00 38
Жауапты хатшы: 8 (7172) 72 81 57
Бөлімдер: 8 (7172) 72 81 56
E-mail: smi_rodgan@mail.ru
ҚР ҰҚК Шекара қызметінің ресми сайты:
gov.kz/memleket/entities/shekaraknb

Бас редактор: Рахат Нурғалиев
Редактор: Азамат Муханов
Жауапты хатшы: Еркін Қайбуллин
Тілшілер: Жанар Кемел, Олжас Жақсылықов, Айдоос Киргизбаев, Диас Жамұханбетов
Меншікті тілшілер:
Алматы – Тамара Дәулетбаева
Ақтау – Асхат Жаналипов
Ақтөбе – Жасұлан Шармаков
Талдықорған – Манарбек Қарекенов
Жамбыл – Асыллан Жексенбин
Шымкент – Рауан Асадилов
Қызылорда – Әкімжан Төлебай

Өскемен – Ғалымжан Бакетов
Семей – Ердос Қайырмай
Петропавл – Динара Утебаева
Павлодар – Гүлзада Садықова
Қостанай – Нұрсұлтан Сақен
Орал – Айжан Көлбай


Фототілшілер: Асхат Сәбиев, Өмірбай Айтәлі, Аян Қайыр, Диас Қуанышев, Айзат Нүкешов
Компьютерлік безендіру және беттеуші: Нұрхан Кабдулов
Корректорлар: Өркен Шопашев, Майра Касенова
Немірдің кезекші редакторлары: О.Жақсылықов

Қолжазбалар мен фотосуреттер рецензияланбайды және қайтарылмайды. Жарияланған материалдардағы даталар мен деректердің, цифрлардың дәлдігіне автор жауап береді. Газетті есепке қою туралы № 1394-г күнделікті 2000 жылғы 1 тамызда Қазақстан Республикасының Мәдениет, ақпарат және қоғамдық келісім министрлігі берген. Газет "OS-ЧР" әскери-патриоттық қызмет басқармасында теріліп, беттелді.

Газеттің апталық таралымы – 2417 дана. «Имприм» ЖШС баспаханасында басылды. Астана қаласы, А.Жұбанов көшесі, 24/1



Сәлеммен ұлдарыңыз едрейіт тор
Қодықаримов Ратхаддин Садриддиновиз
ЖК Шекара қозғалысі Ақсі обласса
Бөйітқимша департаментіне қарасты
Шаканшты ауданға Бөйітқимша
шекара басқармасын қолы Узунбулақ
шекара Бөлімшесінен.



**Майор Г. САДЫКОВА,
«ОС-ЧР». Сурет жеке
мұрағатынан.**